

*Ермухаметова С.Р., Коваленко Е.Ю.*

# **РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫ**

*Оқу құралы*

# **РИМСКОЕ ЧАСТНОЕ ПРАВО**

*Учебное пособие*

**Алматы  
2005**

**ББК 67.412.2**  
**Е 69**

**Ермухаметова Сауле Раимовна** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*заң факультетінің азаматтық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының*  
*аға оқытушысы*

**Коваленко Екатерина Юрьевна** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*заң факультетінің азаматтық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының*  
*доценті з.ғ.к.*

**Рецензенттер:** заң ғылымының докторы профессор **Бектұрғанов Ә.Е.**  
заң ғылымының кандидаты, доцент **Амирханова И.В.**

**Ермухаметова С.Р., Коваленко Е.Ю.**

**Е 69 Рим жеке құқығы бойынша оқу құралы** – Алматы: «Нұр-пресс» 2005. –  
162 бет.

**ISBN 9965-620-62-8**

Рим жеке құқығы әлемдік құқықтық жүйенің дамуына үлкен үлес қосты, Рим құқығы басқа құқық жүйелерінің қалыптасуына негіз болды және бүгінгі күнге дейін өзінің маңызын сақтаған. Оқу құралында рим жеке құқығының негізгі институттары мен түсініктері берілген.

Берілген материал рим жеке құқығының негізгі қайнар көздерінің мазмұнын және институттарын меңгеруге, қажетті латын терминологиясын білуге, казустарды шешу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Бұл оқулық бойынша алған материал азаматтық құқық, отбасы құқығы, халықаралық жеке құқық, кәсіпкерлік құқық, контракт құқығы, азаматтық іс жүргізу және т.б. пәндерді меңгеру кезінде көмегін береді.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне және халықаралық құқық сұрақтары қызықтыратын көпшілікке арналған.

Римское частное право имеет огромное значение для развития мировой системы права, так как именно римское право послужило фундаментом для формирования других правовых систем, и сохранило свое влияние и в наши дни. В учебном пособии излагаются основные понятия и институты римского частного права.

Изложенный материал позволит освоить основное содержание источников и институтов римского частного права, овладеть необходимым минимумом латинской терминологии, приобрести практические навыки решения казусов, что поможет при изучении таких отраслевых юридических дисциплин как: гражданское право, семейное право, международное частное право, предпринимательское право, контрактное право, гражданский процесс и многих других.

Учебное пособие предназначено для студентов и преподавателей высших учебных заведений, а также для тех, кто интересуется вопросами международного права.

**ББК 67.412.2**

**Е 1207010000**  
**00(05)-05**

**ISBN 9965-620-62-8**

© Ермухаметова С.Р., Коваленко Е.Ю., 2005.

© Нұр-пресс, 2005.

*«Рим құқығы әр білімді заңгерге  
таныс болуы қажет»*

И.Б. Новицкий

### **АЛҒЫСӨЗ**

Рим жеке құқығы құқықтың әлемдік жүйесінің дамуында үлкен маңызға ие, себебі рим құқығы басқа құқық жүйелерінің дамуын қалыптастыруға негіз болды және бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Көптеген құқықтық институттар рим құқығының классикалық кезеңінде өңделген күйінде әлі күнге сол қалпында сақталуда, атап айтқанда заттық құқықтар туралы ілім, міндеттеме туралы ілім т.б.

Рим жеке құқығы Қазақстан Республикасының құқығының дамуына нақты әсер етеді. Қазіргі кезде, яғни Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің қалыптасу кезеңінде, кезінде рим жеке құқығының нормаларымен реттелген жеке меншік институты, шарттар ерекше орын алуда.

И.Б. Новицкий рим жеке құқығының ерекше белгісі құқықтың қолданылымдығы, құрылымының айқындылығы, нақтылығы, сонымен қатар заңи қорытындылардың билік етуші таптардың мүдделерімен толық сәйкестігі деп атап өтті.

Ұсынылып отырған оқу құралы кейінен оқытылатын азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу, отбасы құқығы және басқа да күрделі пәндерді оқу кезінде негізді қалыптастыру үшін рим жеке құқығының негізгі институттарымен танысу, рим жеке құқығының қайнар көздері: заңдар, император конституциялары, магистр эдиктілері және басқа да қайнар көздермен танысу, түсініктер мен категориялар, анықтамаларды түсіну үшін өңделген.

Оқу құралы рим жеке құқығының негізгі институттарынан туындайтын құқықтық қатынастардың кешенін айқындайтын дәрістердің қысқа курсынан, сұрақтардан, тестардан, қажетті латын терминологиясынан және ұсынылатын әдебиеттер тізімінен тұрады.

## 1-дәріс. РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

1. Рим жеке құқығының жүйесі.
2. Рим жеке құқығының қайнар көздері.
3. Рим жеке құқығының түсінігі.

**Рим құқығы-** ерте Римнің құлиеленуші құқығының жүйесі. Рим жеке құқығының пәні антикалық Римнің толық емес көлемдегі құқығы, яғни жеке құқық шеңберіндегі құқығы.

Біз рим жеке құқығы туралы айтамыз, сондықтан Римде жеке құқық деп нені түсінді соны анықтап алуымыз қажет. Ерте кездің өзінде Римде екі құқық саласы- жария құқық және жеке құқық- *ius publicum* и *ius privatum* болды. Тит Ливии (I ғ. б.э.), қалыптасқан терминологияға сүйене отырып, XII кесте заңдарын жеке және жария құқықтың қайнар көзі деп атады.

Ғасырдан ғасырға өткен жария және жеке құқықтың классикалық айырмашылығын Ульпиан былай деп көрсеткен:

*Publicum Ius est quod ad statum rei romanae spectat, privatum quod ad singulorum utilitatem* (D- 1.1.1.2.). – Жария құқық рим мемлекетінің жағдайына қатысты құқық; жеке құқық- жекелеген адамдардың пайдасына қатысты құқық. Осы берілген анықтамаға сәйкес, нормалардың мазмұнын бөлу негізін қалайтын құқықтар мүддені қорғауына байланысты ажыратылады. Сондықтан жария құқық дегеніміз мемлекеттің мүддесін қорғайтын және мемлекеттің және оның органдарының құқықтық жағдайын анықтайтын нормалар. (*ius* термині негізгі мағынасы “құқық”, “уәкілеттілік” бола отырып, “құқық нормасы” дегенді де білдіреді және қолданылады.). Ал, жеке құқық жекелеген тұлғалардың құқықтық жағдайын білдіретін құқық жүйесі.

Рим жеке құқығы мүліктік және басқа да қатынастарды реттейтін өңделген нормалар жүйесін құрады.

Қоғамның барлық даму тарихынан рим жеке құқығы секілді заңи, техникалық және заңи нысаны жоғары деңгейдегі басқа құқық жүйесін кездестірмейміз.

**Рим жеке құқығының жүйесі.** Рим жеке құқығының жүйесі- рим жеке құқығының құқықтық нормаларының топтастырылуының анықталған тәртібі.

Теорияда құқықтық нормалардың топтастырылуының екі жүйесін атап көрсетеді: пандектілік және институциялық.

Пандектілік жүйе төрт негізгі арнайы бөлімдерді қамтиды:

- Заттық құқық
- Міндеттемелік құқық
- Отбасы құқығы
- Мұрагерлік құқық

Институциялық жүйеде жалпы бөлім болмайды, ал негізгі бөлім мынадай бөлімдерге бөлінеді:

- Құқық субъектілері
- Заттық құқық
- Міндеттемелік құқық
- Мұрагерлік құқық.

Рим жеке құқығын топтастырудың негізі жария және жеке құқыққа бөлінуіне байланысты. Ерте рим жеке құқығы квинит тайпаларының атымен квиниттік деп аталды. Бұл жүйе кейіннен цивильдік құқық деп аталды және ол қатаң ұлттық сипатқа ие болды. Тар мағынадағы цивильдік құқық деп, заңдармен бекітілген жеке құқықтың тар ұлттық жүйесі танылды. Цивильдік құқықпен қатар преторлық құқық жүйесі қалыптасты. Құлиеленушілер таптардың- жер иеленушілер мен өңдеушілердің өсуі таптық қайшылықтардың өсуіне әкеліп соқты. Рим емес азаматтардың арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігі туды. Бұл арнайы лауазым иесі- претордың арнайы актіні қабылдауы арқылы жүзеге асырылды. Осы актілердің жиынтығы преторлық құқықты құрады.

Цивильдік құқық тек рим азаматтарына қолданылды. Кейіннен шаруашылық қатынастардың өркендеуіне байланысты басқа рим емес азаматтармен пайда болған қатынастарды құқықтық реттеу халық құқығы арқылы жүзеге асырылды және аталған құқық рим емес басқа барлық азаматтардың құқықтарын қорғады.

Бұл құқық жүйесі әртүрлі ұлттың өкілдері қатысқан халықаралық тауар айналымының қағидаларынан және жалпы нормалардан қалыптасты. Халық құқығының мазмұны әмбебап құқықтық жүйесінің - рим классикалық құқығының пайда болуына негіз болды. Бұл жүйенің тауар өндірісінің және тауар айналымының дамуына қосқан үлесі зор.

Рим жеке құқығы өзінің дамуында классикалыққа дейінгі кезеңнен, классикалық кезеңге және кейіннен абсолюттік монархия кезеңінен өтті. Бірінші кезеңде рим құқығы патриархальдық қоғамдық

қатынастарды реттеуге қызмет етті. Классикалық кезеңде рим жеке құқығы тауар – ақша қатынастарын реттеуге қызмет етті. Абсолюттік монархия кезеңінде жеке құқық нормаларын кодификациялау және жүйелеу жүргізілді.

**Рим жеке құқығының қайнар көздері.** Рим жеке құқығының қайнар көздері дегеніміз- рим жеке құқығының нормаларын бекіту және көрсету тәсілдері. Рим жеке құқығының қайнар көздеріне әдет ғұрып, заң, магистр эдиктісі, рим заңгерлерінің қызметі, Юстиниан Кодификациясы жатады.

**Әдет-ғұрып-** мемлекетпен санкциялау және бірнеше рет қолдану нәтижесінде римде қалыптасқан мінез-құлық ережелерінің жазылмаған жиынтығы.

Римнің дамуы, құқықтық өмірдің дамуы кезінде әдет-ғұрып цивилиздік және квириттік құқықтың ескірген нормаларын жою қызметін атқарды және *desuetudo* деп аталды. Бұрынғы әдет-ғұрыппен қатар сот және сот тәжірибесі пайда болды. Бастапқы кезде әдет-ғұрып ата-бабалардың тәжірибесі және әдеттегі тәжірибеден тұрды.

**Заңдар.** Заңдар деп халық жиналыстарының шешімдері танылды. Заңның толық күші болу үшін үш органның қатысуы қажет болды- магистрат, халық жиналысы, сенат. Магистрат заңның жазбаша жобасын дайындауы қажет болды, ал халық жиналысы заң жобасын қабылдауға немесе одан бас тартуға құқылы болды. Магистрат ұсынған және халықпен қабылданған заң сенат тарапынан мақұлданыуы тиіс болды.

Заң формуласы үш құрамдас бөліктен тұрды: заң шығарушының аты және халық жиналысының түрі; санкция және нормативтік жазба. Нормативтік жазбада мінез-құлық ережелерінің мазмұны мен оның әрекет ету талаптарын көрсетті. Санкция- заңды бұзу салдары. Республика дәуірінде барлық заңдар тек халық жиналыстарымен қабылданды және «*legis*» деп аталды. Принципат дәуірінде заңдар сенатпен қабылдана бастады және сенатусконсульттар деп аталды. Абсолюттік монархия кезінде заңдар деп тек император бұйрықтары саналды және олар конституциялар деп аталды. Император конституциялары төрт нысанда танылды: эдиктілер – жалпы бұйрық; декреттер – сот істері бойынша шешім; рескриптілер – құқықты қолдануға және түсіндіруге байланысты жауаптар; мандаттар – басқару мен сот әділдігін жүзеге асыру үшін чиновниктерге берілген нұсқаулар. Эдиктілер мен мандаттар оны шығарған император қызметінің аяқталуымен күшін жойып отырды. Доминат кезінде мандаттар қолданыстан шықты.

**Магистр эдиктілері.** Магистр эдиктілері республикалық магистрдың лауазымға келуімен байланысты шығарылатын арнайы акт. Эдикт бағдарлама ретінде шығарылды және уәкілеттілігі біткенше әрекет етті. Эдиктілер: а) тұрақты; б) белгісіз мерзімге жасалған деп бөлінді. Тұрақты эдиктіде барлық уәкілеттілігі кезінде міндетті болатын ережелерді қамтыды. Ал, екінші түрі белгілі бір тұлғаға қатысты немесе казустық жағдайға қатысты болды.

**Заңгерлердің қызметі.** Юриспруденциямен айналысу лауазымды қызметтердің бірі болды. Рим заңгерлерінің қызметінің бірнеше түрі болды. Біріншісі- *respondere* – кеңес беру, яғни жеке тұлғалардың сұрақтарына жауап; екіншісі – *scrivere* – жазбаша құжаттарды құрастыру және рәсімдеу; үшіншісі – *agere* – тараптардың процессуальдық әрекеттеріне басшылық. Заңгерлердің қызметі адамгершілік, адалдық қағидаларына, яғни табиғи құқық элементтеріне негізделді. 426 ж. арнайы заң қабылданды. Бұл заң бойынша тек бес заңгердің пікірі соттар үшін міндетті болды. Олар - Папиниан, Гай, Павел, Ульпиан, Модестин. Егер әртүрлі пікір болатын болса, Папинианның пікірі басымдылыққа ие болды.

#### **Юстиниан Кодификациясы.**

Нормативтік материалдың көлемінің әртүрлі және кең болуына байланысты рим жеке құқығын кодификациялау қажет болды. Заң шығару саясаты бұрынғы ескерткіштерді және соңғы қабылданған заңдарды кодификациялау міндетін қойды.

Бірінші кодификация император Феодосии тұсында б.э. бесінші ғасырында болды. Нәтижесінде Феодоси кодексі пайда болды және ол 16 кітаптан тұрды. Б.э. VI ғ. бірінші жартысында император Юстиниан тұсында жаңа кодификация жасалды. Нәтижесінде Юстиниан Ережесі пайда болды және ол кодекс, новелла, дигеста, институциядан тұрды. Кодекс император конституцияларын біріктірді. Новелла ол да император конституциясы. Дигесталар – заңгерлердің шығармаларының жиынтығы. Институция – рим жеке құқығы бойынша оқулықтар.

#### **Негізгі терминдер:**

*Ius* – құқық, уәкілеттілік, құқық нормасы  
*Ius publicum* – жария құқық  
*Ius privatum* – жеке құқық

Ius civile – цивильдік құқық  
Ius gentium – халық құқығы  
Ius naturale – табиғи құқық  
Mores maiorum – ата-баба дәстүрі  
Consuetudo – әдет-ғұрып құқығы  
Lex - заң  
Responsa prudentium – білгірлер жауабы  
Senatusconsulta – құқықтың қайнар көзі күшіне ие сенат қаулысы  
Edicta magistratuum – магистр эдиктісі  
Constitutiones principum – магистрат конституциясы  
Edicta – жалпы міндетті император конституциясы  
Decreta – төменгі сот инстанциясының шешіміне жауап түрінде берілетін император конституциясы  
Rescripta – жеке казустарға жауап ретінде берілетін император конституциялары  
Mandata – чиновниктерге берілетін нұсқау

#### **Сұрақтар мен казустар:**

1. Жария құқық және жеке құқық қандай қатынастарды реттеді?
2. Ius praetorium, honoagium, ius gentium қашан және қалай пайда болды?
3. Неге Марциан преторлық құқықты цивильдік құқықтың “тірі дауысы” деп атады?
4. Трибониан комиссиясы кодификация процесінде қандай қағиданы басшылыққа алды?
5. Сіз Юстинианның кодификация “сот әділдігінің сарайы” деген тезисімен келісесіз бе?
6. Сіз Цельздің: “Заңды білу- оның сөзінен ұстау, бірақ оны күші мәні бойынша түсіну” дегенімен келісесіз бе?
7. Перегриндар арасында болған дауға цивильдік претор араласа алатын ба?

### Дайындалуға арналған тестер:

1. Заңмен бірдей сенаттың арнайы анықтамалары қалай аталады?
  - Сенатусконсулт
  - Эдикт
  - Рескрипт
  - Мандат
  - Шешім.
2. Jus gentium термині нені білдіреді?
  - Жалпыхалықтық құқық
  - Цивильдік құқық
  - Табиғи құқық
  - Преторлық құқық
  - Қаны бойынша ауысатын құқық.
3. Юстиниан кодификациясының бір бөлігін құрайтын құрылымды жинақ пен ережелер қалай аталады?
  - Дигеста
  - Кодекс
  - Новелла
  - Институция
  - Заң

## 2-дәріс. РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ

1. Тұлға түсінігі.
2. Рим азаматтары, латындар және перегриндардың құқықтық жағдайы.
3. Құлдардың құқықтық жағдайы.
4. Заңды тұлғалар.

Тұлға терминімен құқықтың субъектісі анықталады. Тұлға болып рим қоғамында жекелеген адамдар мен заңды тұлғалар саналған. Жеке тұлғалар-азаматтар, ал жеке тұлғалардың қауымдастығы және жеке тұлғаларға тәуелді емес мекемелер-заңды тұлғалар. Тұлға бұл құқықтарға ие адам. Құқықтарға ие болу қабілеттілігі құқыққабілеттілік деп аталған. Құқыққабілеттілік адам туған кезден бастап пайда болады да өлген кезде тоқтатылады. Бірақ бұл ережеден ауытқитын жағдайлар да болған. Мысалы, егер анасының жатырында жатқан бала мұрагерлік субъектісі болған жағдайда немесе баланың пайда-сына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда.

Ерте Римде толық құқыққабілеттілік үш элементтен тұрған:

- Еріктілік жағдайы - status libertatis, яғни ерікті болу, құл болмау.
- Азаматтық жағдайы - status civitatis, рим азаматтарының қатарында болу.
- Отбасылық жағдайы – status familiae, яғни отбасы басшысының билігінде болмау.

Жеке құқықтық қатынастарда құқыққабілеттілік екі элементтен тұрады: 1) jus cōnibii – рим некесіне тұру құқығы; 2) jus commercii – мүліктік қатынастардың субъектісі болу құқығы. Еріктілік жағдайы тұлғаларды еріктілер және құлдар деп бөлді. Ал, азаматтық жағдайы рим азаматтары және басқа ерікті азаматтар деп бөлді. Отбасылық жағдайы бойынша отбасы басшысы және оған бағыныштылар деп бөлінді.

Тұлға үшін тек құқыққабілеттілік мәнді болды, бірақ ол өзінің мәнін жоғалтар еді, егер де сыртқа шықпаса. Бұл сыртқа шығару әрекетқабілеттілік арқылы түсіндіріледі.

Әрекетқабілеттілік- бұл тұлғаның өз әрекеттерімен өзіне құқықтар мен міндеттерді туғызу қабілеттілігі.

Рим құқығы тек ерікті азаматтардың құқыққабілеттілігін таныды. Бірақ кез келген ерікті азаматты құқыққабілетті деп танымайтын. Ерте кезде толық құқыққабілеттілік тек рим азаматтарында танылды.

Рим азаматтығын алудың негізгі тәсілі- баланың дүниеге келуі болды. Рим некесінде дүниеге келген бала әкесінің жағдайын қабылдады. Ал, некеде тұрмаған әйелден дүниеге келген бала шешесінің жағдайын қабылдады.

Сонымен қатар рим азаматтығы құлдықтан босату арқылы, бала асырап алу арқылы, жекелеген тұлғаларға, қауымға, провинцияларға ерекше акт арқылы рим азаматтығын беру арқылы алынатын. Құқыққабилеттілік жария құқық аясында мыналарды қамтыды: тұрақты әскерде қызмет ету құқығы, халық жиналыстарына қатысу және сайлау құқығы; магистрде лауазым алу. Өзінің құқықтық жағдайына байланысты рим азаматтары ерікті туылғандар және рим азаматымен құлдықтан босатылғандар деп бөлінді.

Тұлғаның құқықтық жағдайының шектелуінің ерекше жағдайы арынан айырылу болды. Арынан айырылу жағдайы қылмыс үшін сотталған жағдайда; некеге қатысты құқықтық нормаларды бұзған жағдайда; ұят істермен айналысқан жағдайда орын алды. Рим азаматтығы еркіндігін жоғалтумен байланысты жойылып отырды.

**Латындар** деп Лациум тұрғындарын және олардың ұрпақтарын атады. Олардың жария құқықтары рим халық жиналыстарына қатысу және дауыс беру еді. Олардың мүліктік дауларын рим соттары қарады. Латындар *jus cōpībī* және *jus cōmmercīi* құқығына ие болды. Латындардың құқықтық жағдайы дүниеге келумен, мемлекеттік өкіметтің актісімен латын азаматтығын беру арқылы анықталады. Рим азаматтарының ерікті түрде латын азаматтығына көшуі жер алу мақсатында, латын азаматының құлдықтан босатуы арқылы жүзеге асырылды. Латындардың рим легиондарында қызмет ету құқығы болды. Латындар рим азаматтығын арнайы актілер арқылы ала алатын.

Гаидың институцияларында, егер латын бұрынырақ өлсе, жастағы баласының рим азаматы екенін анасы да қорғай алатын деп көрсеткен. Кейіннен Троян латындарға, егер ол Римде диірменді үш жыл бойы ұстаса және күн сайын 100 мер нан шығарса, квириттік құқықты беру керек деп қаулы қабылдады.

**Перегриндар** –рим колонияларының тұрғындары, сонымен қатар Ерте Римнің аумағындағы шет мемлекеттердің тұлғалары. Бастапқы кезде перегриндардың мүлде құқықтары болған жоқ, бірақ сауда айналымының дамуына байланысты преторлық құқықпен қорғалды. 212 жылы б.э. император Каракалла оларға рим азаматтығын сыйға береді. Осы жылдан бастап рим азаматтары мен перегриндардың құқыққабилеттіліктері бірдей болды.

**Құлдардың** құқықтық жағдайы құқықтың объектісі ретінде танылды. Құлдық күн-анадан туу, қамауда болу, құлдыққа сату немесе өлім жазасына кесу немесе кен орындарына жұмысқа жіберуге жазаланса орнады.

Құлдық құлды бостандыққа жіберумен тоқтатылды. Уақыт өте келе құлдың мәртебесі жақсара бастады. Империя кезеңінде құлдар құлиеленушінің мүлкінің бір бөлігін басқару және пайдалану құқықтарын ала бастады, яғни кейбір мүліктік құқықтарға ие болды. Қабілетті құл өзіне мүлік жинау және сол мүлік арқылы қожайынынан еркіндігін алуға мүмкіндігі болды.

Егер құл, тек преторлық құқыққа тиесілі қожайыннан латын еркіндігін алса, онда ол квинтиттік құқыққа сол қожайынның ерігін (еркін) қажет етеді. Немесе, құл квинтиттік және преторлық құқыққа тиесілі қожайыннан латын еркіндігін алса, сол еркіндікке жіберген қожайынының азаматтығын ала алатын, яғни латын болатын және квинтит құқығына ие бола алатын. (Гаи Институциясы).

Принципат кезінен бастап құлдықтан босатудың басқа да жағдайлары болды. Мысалы, қожайынын өлтірген адамды тапқан құл құлдықтан босатылатын, 20 жыл ерікті адам секілді жүрген құл құлдықтан босатылатын. Бірақ *lex Aelia Sentia* заңдарды құлдарды босатудың келесідей талаптарын орнатты:

- 30 жасқа толмаған құлды босату немесе 20 жасқа толмаған қожайын құлды босататын болса ерекше комиссияның алдын ала тексеруі қажет болды;

- таңбаланған құлдар босатылғаннан кейін перегриндар қатарына жататын.

Егер де құлды босатудың салдарынан несие берушіге немесе патронға зиян болатын болса, құлдықтан босатудың еш мәні жоқ деп саналатын. Себебі Элия Сенция заңы еркіндікті жоққа шығаратын. Жиырмаға толмаған қожайын құлды еркіндікке жібере алатын, егер бостандыққа жіберу сот арқылы болатын болса және бостандыққа жіберудің заңды негізі кеңес алдында дәлелденген болса. Құлды бостандыққа жіберудің заңды негізі болып табылатын, мысалы, кім әкесін немесе шешесін не тәрбиелеушісін бостандыққа жіберсе, немесе бірге туған туысын жіберсе.

Когнициондық процесстің енгізілуімен қатар құлдар әдеттегі сотқа талап беру құқығының болмауына байланысты чиновниктерге өтініш жасай алатын.

Рим құқығы бойынша құқықтың субъектісі ретінде жеке тұлғамен қатар заңды тұлға да өмір сүрді, бірақ рим құқығы заңды тұлға ұғымын анықтаған жоқ. Бірақ, 12 кесте заңдарында әртүрлі діни және кәсіби сипаттағы корпорациялар туралы айтылған. Рим құқығы заңды тұлғалардың үш түрін таныды:

- жеке корпорациялар;
- муниципиилар;
- қазына.

Корпорациялар діни және кәсіби қағида бойынша құрылды. Бастапқыда корпорацияларды құрудың толық еркіндігі берілді. Монархияға көшуге байланысты корпорациялар өкіметте сенімсіздік туғызуына байланысты таратылды. Бұдан кейін оларды құру үшін арнайы рұқсатты қажет ететін заң шығарылды. Олар діни және кәсіби қағида бойынша құрылды. Корпорацияның мүлкі корпорацияның өзіне тиесілі болды. Тек корпорация өз қызметін тоқтатқан жағдайда, оның мүлкі корпорацияда қалған мүшелерінің арасында бөлінетін.

Муниципиилар кең көлемдегі құқықабілеттілікке ие болды. Муниципиилар өсиеттік бас тарту арқылы мүлікке ие бола алатын.

Заңды тұлғалардың ішінде қазыналар ерекше мәртебе ие болды. Бастапқы кезден мемлекеттік қазына императордың мүлкі есебінде саналды және жеке құқық нормаларымен реттелді.

### **Негізгі терминдер:**

- Persona – құқық субъектісі
- Caput - құқықабілеттілік
- Status libertatis –еріктілік жағдайы
- Status civitatis – азаматтық жағдайы
- Status familiae – отбасылық жағдайы
- Ius conubii – рим некесіне тұру құқығы
- Ius commercii – мүліктік қатынастардың субъектісі болу құқығы
- Cives romani – рим азаматы
- Lstini - латындар
- Peregrini - пегрегиндар
- Servi - құл
- Colonus – бөтен жерді жалдаушылар

### Сұрақтар мен казустар:

1. Жеке құқықтық қатынастарда рим азаматтары толық құқыққаби-летті болуы үшін қандай элементтер болуы қажет?
2. Рим азаматтары мен латындарға қарағанда peregrini-дің құқықтық жағдайы қандай?
3. Жеке тұлғаның мәртебесінде пекулиидің пайда болуымен бай-ланысты қандай өзгерістер болды?
4. Егер де патрон еркіндікке жіберілген тұлғаға алименттен бас тартса немесе оған қарсы іс қозғаса қандай салдар туындайды?
5. Эпидемия кезінде жерлеу ұжымы өздерінің жеке қаражаттарын жұмсай отырып, банкирден көмек сұрайды, бірақ мерзімінде алынған қарызды қайтара алмады. Банкир жекелеген ұжым мүшелерінің мүлкінен өндіріп алу туралы талап ете ала ма?
6. Ер жеткен ұлдары әкесінен мүлік олардың ортақ меншігі бо-лып табылады деген негізбен, отбасының мүлкін бөлу туралы талап етті. Әкесі балалар әкесінің билігінде болады және олар құқықтың субъектісі емес объектісі, олардың құқықтық жағдайы тек әкесімен анықталады деген негізбен мүлікті бөлуден бас тартты. Шындығында осылай ма еді?
7. Ерікті әйел құлмен некеге тұрды. Бұл үшін қожайыны оны күнге айналдырды. Қожайынның әрекеті құқыққа сай ма?
8. Өзінің қожайынының учаскесінде жұмыс жасай отырып, құл көршісінің учаскесінде орналасқан өсімдіктің өсуіне кері әсер еткен тыңайтқышты қолданды. Наразылық білдірген көршісі құлдың қожайынынан материалдық зиянды өтеу туралы талап етті. Құлдың қожайынының зиянды өтеуге байланысты басқа мүмкіндіктері бар ма?
9. Неге құлдың әйелмен байланысы неке деп саналмады?
10. Римнің азаматы және отбасы басшысы болып табылатын тұлға-ның баласы жатырға бітеді. Үш айдан кейін ол тұтқынға түседі де азаматтығын жоғалтады. Бұл баланың құқықтық жағдайына әсер ете ме? Бала рим азаматтығын ала алады ма?
11. Рим азаматы өзінің құлын құлдықтан босатады. Құлдықтан босаған құлдың арманы магистр болу болды. Ол осы арманына рим жеке құқы бойынша жете ала ма?
12. Рим азаматы өз еркімен бөтен елде 30 жыл тұрды да, кейіннен өз Отанына оралуды шешті. Оның рим азаматтығы сақтала ма?
13. Күңнен туған бала ерікті деп санала ма, егер де баланың жа-тырда біту кезінде баланың шешесі ерікті болған болса?

### Дайындалуға арналған тестер:

1. Құқыққа білеттілік қай кезден бастап пайда болады?
  - Адамның туған кезінен
  - Кәмелеттік жасқа толуымен
  - Арнайы актінің қабылдануымен
  - Халық жиналыстарына қатысу құқығының пайда болу кезінен
  - Егер jus commercii болса.
2. Пекулии деген нені білдіреді?
  - Қожайынның құлға басқаруға берген мүлкі.
  - Латындарың құқықтық жағдайы.
  - Құлдық.
  - Заңды тұлға.
  - Заңды тұлғаның мүлкі.
3. Корпарацияға қажетті құқықтық элемент не болып табылады?
  - Мүліктің, қассаның және сенімді тұлғаның болуы.
  - Әрекетқа білеттіліктің болуы.
  - Корпарацияның кемінде екі мүшесінің болуы.
  - Корпарация мүшелері тек рим азаматтары
  - Сотта талапкер және жауапкер болу.

### 3-дәріс. РИМ ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ

1. Агнаттық және когнаттық отбасының түсінігі.
2. Рим құқығы бойынша неке.
3. Жұбайлардың мүлктік қатынастары.

Туыстық – белгілі бір құқықтық салдарларды байланыстыратын адамдар арасындағы қандық байланыс. Рим құқығы туыстықтың екі түрін ажыратты-агнаттық және когнаттық. Басқа халықтардың отбасынан рим отбасының айырмашылығы агнаттық туыстықтың юридикалық маңызды болуында. Агнаттық туыстық бір отбасына тиесілі барлық тұлғаларды қамтыды, яғни агнаттық туыстық билік пен бағыныштылыққа негізделген. Сондықтан туыстар деп отбасы басшысының билігіндегілер саналды. Соған орай отбасы мүшелері отбасы басшысы және оған бағыныштылар деп бөлінді. Отбасы басшысы барлық отбасы мүшелеріне толық билігін жүргізіп отырды. Ол сонымен қатар отбасының мүлкіне ие болды және өз қалауынша билік етті. Отбасы басшысының билігі тек қайтыс болған жағдайда немесе өзінің еркі арқылы тоқтатылатын. Агнаттық туыстық ер адамнан тарады. Кейіннен отбасы басшысының билігі шексіз болған жоқ және отбасы мүшелерінің еркіндігіне алып келді. Осыған байланысты агнаттық туыстық уақыт өте келе когнаттық туыстықпен ығыстырылды. Когнаттық туыстық дегеніміз қандық туыстық. Когнаттық туыстықта дәреже мен туыстық тармақтары ажыратылды. Туыстық тармақтары ата-бабасынан тарайтын немесе ата-бабаға дейін тарайтын туыстық болуы мүмкін. Туыстықты сонымен қатар бір атадан тарайтын болса қандас, аналары бір болса – жатырлас туыстар деп бөлетін. Жанама туыстық ортақ ата-бабалардан тарайтын туыстарды біріктірді. Туыстық дәрежесі екі туыстың арасындағы туыстық санымен анықталды. Туыстықпен қатар жекжаттық та болды. Жекжаттық жұбайлар арасындағы және басқа жұбайдың арасындағы туыстар арасында пайда болатын.

Неке-әйел мен ер адамның арасындағы одақ. Бұл одақ өмірінің ортақтығы, адамдық құқықтар мен діни құқықтардың бірігуі. Неке: ынтымақтастық, физикалық жетілу, келісім, некелесушілердің неке одағын құруға талпынуымен сипатталады. Некеге тұрудың құқықтық алғышарты некеге тұрушыларда *ius conubii*-дің болуы болып табылады. Бұл термин рим некесіне тұру құқығы дегенді білдірді.

Рим құқығы некенің екі түрін ажыратты. Бұл некелер әр түрлі

нысанда құрылды және некедегі тұлғалардың мүліктік жағдайы, мүліктік емес жағдайы және анасымен балаларының арасындағы құқықтық қатынастың әр түрлілігімен ажыратылды. Некенің алғашқы түрі – *cum manu*. Рим некенің көне нысандарының бірі – *cum manu* әйеліне күйеуінің билігін бекітті. Некеге тұрғаннан бастап әйел *persona aliena juris*- бөтен құқықтың иесі деп саналды. *Cum manu* некесінде әйелдің мүлікке қатысты ешқандай құқықтары болған жоқ. Некенің бірден бір белгісі жұбайлық ортақтастықтың үздіксіз ұзақ мерзімге жалғасуы болды. Бұл мерзім үзілуі мүмкін, егер әйелі үш түн өз үйінде түнемеген жағдайда. Сондықтан ерінің еркі тек жұбайлық билікке емес некеге бағытталды. Некенің екінші түрі – *sine manu*. Бұл некеде ерінің әйеліне билігі туындамады және бастапқы кезде әйел мен ер адамның арасында юридикалық байланыс болған жоқ. Әйелі некеге тұрғанға дейінгі отбасылық жағдайын сақтап қалды. *Sine manu* некесі жай келісім негізінде жасалды- қалыңдықты күйеудің үйіне әкелу юридикалық қорытынды акті ретінде болды. *Sine manu* некесі ерлі-зайыптылардың біреуінің бір жақты өтініші бойынша бұзылды және некені бұзудың негізін көрсету қажет те емес еді. Бірақ некені бұзу еркіндігінің жағымсыз салдарлары болды. Бұл көбінесе мұрагерлікке қатысты болды. Август некені бұзудың еріктілік жағдайының некенің тұрақсыздығына әкеліп соғуына байланысты отбасы құқығына маңызды өзгерістер енгізді. Заң жұбайлық адалдық болмауына байланысты қылмыстық жауапкершілікті бекітті.

*Sine manu* некесінен, римде орын алған конкубинатты да ажырата білуіміз қажет. Конкубинат- заңмен рұқсат етілген ер адам мен әйел адамның тұрақты бірге тұруы, яғни заңсыз неке.

Рим құқығы некеге тұрудың мынадай талаптарын бекітті:

- Некеге тұрушылардың келісімі;
- Неке жасына жету, ерлер үшін- 14 жас, әйелдер үшін –12 жас;
- Некеге тұрушылар басқа тоқтатылмаған некеде тұрмаулары керек;
- Некеге тұрушылардың арасында туыстық қатынас болмауы керек.

Егер де туыстар некеге тұратын болса, ол қылмыс деп саналды. Аға мен қарындас арасындағы некеге тұруға тиым салынатын, егер тіпті ата-аналарының біреуі ғана ортақ болғанның өзінде.

Некеге тұрудың үш тәсілі болды:

- 1) абыздар мен 10 куәгердің қатысуымен болатын діни салт бойынша құрбандық беру арқылы жасалатын неке;

2) құнды заттарды сатып алуға байланысты бекітілген ережелер бойынша күйеуінің болашақ әйелін, әйелінің әкесінен сатып алуы;

3) ешқандай тәсілді қолданбай ақ- жасала беретін *sine manu* некесі.

Ал, жұбайлардың арасындағы мүлктік қатынас олардың арасындағы некеге байланысты анықталатын. Некенің *cum manu* түрі бойынша әйелі күйеуіне тәуелді болды. Оның барлық мүлкі күйеуінің меншігіне өтіп отырды және күйеуі ешқандай шектеусіз мүлікке билік ету құқығын жүргізе алатын. Әйелінің мүлкі неке ажыраған жағдайдың өзінде де қайтарылмайтын.

Некенің *sine manu* түрінде олардың арасында теңдік сақталды, бірақ бұл некеде де күйеуінің басшылығы да орын алатын. Мысалы, *sine manu* некесінде әйелі күйеуінің жағдайын ала алатын, күйеуі қай жерде тұрса сол жерде тұруы керек болды. Жұбайлардың мүлкі әрқайсысының мүлкі болып саналды. Сондықтан мүлкті жай басқарудың өзіне әйелінің келісімі қажет болатын. Некеге дейінгі және некеге тұрғаннан кейін әйелінің тапқан мүлкі әйелінікі деп саналды. Жұбайлардың мүлктік кепілінің бірі- жасау болатын. Жасау қалыңдық тарапынан және некеге дейінгі сый ретінде күйеуі беретін мүлік. Жасау бұл мүлік. Қалыңдыққа *paterfamilias* немес үшінші тұлға тарапынан берілетін жасау күйеуіне отбасы шығындарын азайту үшін берілетін мүлік ретінде саналатын. Күйеуінің немес оның *paterfamilias*-ы беретін сый некеге тұрғанға дейін берілетін.

### Негізгі терминдер:

*Paterfamilias* – үй қожайыны

*Patria potestas* – үй қожайынының билігі

*Agnati* – үй қожайынының билігіне бағыныштылық арқылы анықталатын туыстық байланыс

*Cognati* – қандас туыстар

*Cum manu* – күйеуінің әйеліне билігін бекітетін заңды некенің алғашқы түрі

*Sine manu* – әйелі мен күйеуі бір- біріне тәуелді емес заңды некенің екінші түрі

*Adulterium* – жұбайлық адалдықты бұзу

*Sponsalia* – атастыру, некелесу

*Inaequale coniugium* – толық емес неке, яғни тараптардың біреуі заңды некеде тұрмауы (конкубина)

Dos – отбасы шығындарын жеңілдету үшін күйеуіне берілетін жасау  
Legimitatio - заңдандыру  
Arrogatio – бала асырап алушы мен асырап алынушы арасында  
халық жиналысында жасалатын бала асырап алу түрі  
Adoptio – 3 рет манципациялау жолымен жасалатын бала асырап  
алу түрі  
Cura - қорғаншылық  
Tutela – қамқоршылық

### Сұрақтар мен казустар:

- 1) sine manu және cum manu некелерінің айырмашылығы неде?
- 2) Жұбайлардың мүліктік жағдайы қалай анықталады?
- 3) Римдіктер familia, paterfamilias, status familiae терминдерін қалай түсінді?
- 4) Жекжаттар, бала боп асырып алынушылар мен бала асырып алушылар арасында некеге тұруға бола ма?
- 5) Есі дұрыс емес адаммен некеге тұруға бола ма?
- 6) Классикалық дәуірден кейін бала асырап алу институтына қандай өзгерістер енгізілді?
- 7) Жас қыз күйеуі өлгеннен кейін 12 ай өткенге дейін жаңа некеге тұрғысы келді. Қаралы жылды сақтамау некенің жарамсыздығына әкеліп соға ма? Қайтыс болған жұбайының мүлкіне қандай жағдайда мұрагер бола алмайды?
- 8) cum manu некесінде тұратын қалыңдықтың жасауы отбасының көп бөлігін құрады. Күйеуі әйелін опасыздық жасады деп сезіктеніп некені бұзу туралы талап етті. Мүлік қалай бөлінеді?
- 9) Заңды некеде тұратын әйелі мінезі сәйкес келмеді деп некені бұзу туралы талабын білдірді. Күйеуі онымен келіспейді? Әйелі күйеуінің келісімінсіз некені бұза ала ма?
- 10) Бір рим отбасында отбасы басшысы болып табылатын әкелері қайтыс болады. Әйелі балаларына билік ету құқығын өзіне ала алады ма?
- 11) Заңды некеде тұратын баласы жоқ рим азаматында конкубинан баласы болды. Конкубина оған баланы дүниеге келтіреді. Рим азаматы конкубинамен некеге тұра ала ма?
- 12) Рим азаматының қызы күйеуге шығады да, күйеуінің әкесінің билігінде болады. Кейін ол дүниеге сәби әкеледі. Кейін ол өзінің әкесі

өлгеннен кейін балаға қайтыс болған шеше жағынан тарайтын ата-сының жағдайын бере ала ма?

13) Отбасы баланы асырап алады. Отбасы басшысы өлгеннен кейін әйелі өзіне және балаға қайтыс болған күйеуінің мүлкін алу туралы талап ете ала ма?

#### **Дайындалуға арналған тестер:**

1) Конкубинат түсінігі-

- Заңмен рұқсат етілген әйел мен ер адамның тұрақты бірге тұруы
- Әйелі тарапынан берілетін жасау
- Некеге дейін күйеуі тарапынан берілетін сый
- Некеге тұру нысаны
- Туыстық

2) Жекжаттық-бұл

- екі жұбайдың туыстары арасындағы қатынас
- Агнаттық туыстық
- Когнаттық туыстық
- Асырап алу
- Неке нысаны.

3) Некеге тұру талаптарын атаңыз

- Неке жасына жету, келісім.
- Некелік бірге тұру
- Рим азаматы болу
- Қалыңдықтың манципациясы
- Ерікті дүниеге келу.

#### 4-дәріс. ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

1. Рим құқығы бойынша азаматтық процесс
2. Талаптың түсінігі және түрлері.
3. Бұзылған құқықты қорғаудың преторлық құралы.

Ерте кезде бұзылған құқықты қорғау тәсілі өзін-өзі қорғау болды. Яғни, үшінші тұлғалардың кедергілерін өзінің қорғау құралдары арқылы қорғау. Рим мемлекетінің дамуымен, таптардың арасында теңдіктің болмауына байланысты дауды шешетін арнайы орган-сот пайда болды. Тарихи даму нәтижесінде сот өндірісі пайда болды және оның ең алғашқы нысаны легисакциондық сот өндірісі болды. Ол жеке талаптар бойынша пайда болған дауларды қарады. Өзінің атауын және шығуын қатаң құқық талаптарынан алды. Легисакциондық терминінің өзі- заң сөздерімен бірдей, байланысты болу дегенді білдіреді. Легисакциондық процесс талаптарын сақтау деген, талапкердің наразылығы заңға сәйкес болуы керек, талап ұқсастық элементтерін қамтымайды және заңмен қарастырылған салдарлар туралы сөз болуы қажет деп түсіндіріледі. Азаматтық процесстің негізгі белгілерінің бірі тараптардың сот процессіне міндетті қатысуы, жауапкердің сот процессіне қатысуын талапкердің қамтамасыз етуі. Процесс екі сатыдан тұрды: *ius* және *iudicium*. Бірінші сатыда тараптар белгіленген күні императордың алдына келеді және өздерімен бірге даулы мәселенің пәнін құрайтын затты әкелуге тиісті болды. Бұдан кейін даулы затқа күрес нысанындағы процесс басталады. Алдымен талапкер ерекше таяқшаны заттың үстіне қояды да, әдетте бекітілген формула мен сөздерді айтады. Кімде- кім сөздер мен фразаларды айтудан жаңылысатын болса, сол жеңілген болып есептеледі. Егерде тараптардың екеуі де қателеспейтін болса, ақшалай кепіл салатын. Кейіннен сот істі қарағаннан кейін жеңілген тараптың кепілі қазынаға аударылады да, жеңген тарап өзінің ақшалай кепілін қайтарып алатын.

Осымен бірінші саты аяқталатын, претор істі мәні бойынша қарау үшін судьяны тағайындайтын.

Екінші саты претормен тағайындалған судьяның істі қарауы және шешім шығаруымен аяқталатын. Сот шешімі тез арада күшіне енетін және шағымдалуға жатпайтын.

Сауда айналымының дамуы, жаңа қатынастар нысанының пайда болуы, сот процессінің жеңілдетілген және өзгертілген нысанын қажет

етті. Легисакциондық процесстің орнына формулярлық процесс келді. Формулярлық процесс те екі сатыдан тұрды. Бірінші сатыда талапкер өзінің талабын білдірді. Претор талапкердің талабын және жауапкердің қарсылығын тыңдағаннан кейін жазбаша формула құрастырды және оны сотқа жолдады. Екінші саты тараптардың дәлелдемелерін ұсынумен басталды. Процесс ауызша болды және дәлелдемелер еркін бағаланды. Судья претордың формулада берген қортынысымен байланысты болды және ол қолдау тапқан жағдайда талапты қанағаттандыруы тиіс болды. Формула келесі бөліктерден тұрды: кіріспе, яғни судьяны тағайындау; интенция- талапкердің талабының мазмұны, интенцияның мазмұны талаптың түрін айқындады; кондемпнация – судьяға процессуальдық шешімнің варианттары. Формулада сонымен қатар қосымша бөліктер болуы мүмкін: Бұл эксцепция және прескрипция. Эксцепция – жауапкердің наразылығы. Бұл жауапкердің сұрауы бойынша бірінші сатыда ұсынылады және интенциядан кейін орналасады. Келесі қосымша бөлік прескрипция. Әдетте прескрипция интенцияның алдында орналасады және ол кейбір жағдайларды анықтаған кезде дау пәнін шектейтін қарама-қайшы жағдайды білдіреді.

Республикалық кезеңнің аяғында кейбір магистраттар сот юрисдикциясы жоқ дауларды әкімшілік өндірісте қарады. Мұндай тәртіп басқа сот процесстерін бірте-бірте ығыстырып шығарды. Бұл процесс экстраординарлық процесс деп аталды және ол бір сатыдан ғана тұрды, сонымен қатар бастан аяқ бір тұлғамен қаралды. Қабылданған шешімге шағымдануға болатын.

Соттың сот өндірісі талап негізінде жүргізілетін. Талап дегеніміз-тұлғаның өзіне тиесілі талаптарды сот тәртібімен жүзеге асыру құралы (Д.44.7.51.). Талаптың негізгі түрлері: заттық және жеке, қатаң құқық талаптары, ұқсастық бойынша талаптар, фикциясы бар талаптар, кондикциялар т.б.

Жеке талап болып саналады, егер қарама- қарсы тарап қандай да болмасын затты беруге міндетті болса, немесе қандай бір әрекетті жасауға не ұсынуға міндетті болса. Заттық талап, егерде біз физикалық зат біздікі деп санасак, немесе біз қандай да бір құқыққа ие екендігіміз туралы дау тудырсақ. Мысалы, пайдалану құқығы, өту, малды айдап өту, су жүргізу немесе құрылыс салу құқығымыз туралы көршімізбен даулассақ. Заттық талап орын алады, егер біз зат біздікі деп дау туғызған болсақ. Мысалы пайдалану құқығы, мал айдап өту құқығы, су жүргізу құқығы, немесе көршімізден белгілі бір биіктік-

тен аспайтындай құрылыс салу т.б. Заттық талап қандай болмасын бір тұлғаның заттық құқықтарын қорғайтын талап. Заттық талаптарды виндикациялық деп те атайды.

Талаптарды қарау барысында судья шарттың әріптерімен байланысты қарайтын. Ұқсастық бойынша талаптар құқық нормасын қолдануға мүмкіндік берді, тіпті белгілі жағдайға қатысы болмаған кездің өзінде. Фикциясы бар талап қолданылды, егер претор заңда көрсетілмеген қатынастарды қорғау қажет деп санаған жағдайда. Мұндай жағдайда претор судьяға кейбір жоқ жағдайларды бар деп есептеу жөнінде жазба жазатын. Ал, кондикция жалпы талаптар, кешенді құқықтарды қалпына келтіруге байланысты абстрактілі талаптар. Мысалы, затты қайтару және ол үшін айып төлеу. Сонымен қатар айып пұл төлеуге байланысты талаптар да қолданылды. Арбитрарлық талаптар бойынша судья өз қалауы бойынша залалдың мөлшерін анықтады. Персекуторлық – қандай да болмасын құндылықты қайтару туралы талап.

Талаптық қорғаудан басқа рим құқығында бұзылған құқықтарды қорғаудың басқа әдістері орын алды. Мұндай қорғау претордың билігіне берілді. Преторлық қорғаудың негізгі құралдары: интердикт, реституция, иеленуге енгізу. Интердикт – бұл претордың азаматтардың қандай да болмасын құқықтарын бұзатын әрекетті тез арада тоқтату туралы бұйрығы. Интердикт берілген тұлға тез арада сол бұйрықты орындауы міндетті болды. Интердиктіні орындамаған жағдайда претор санкция қолданатын, мысалы айып төлеу. Интердиктінің бірнеше түрлері болды. Олар: а) иеленуді қалпына келтіру туралы; б) затты беру туралы; в) күштеуге тиым салу туралы; г) иелену интердиктісі.

Реституция – бұрынғы қалпына қайта келтіру. Бұл тәсіл пайда болған дауға жалпы нормаларды қолдану заңды емес деп таныған жағдайда қолданылатын. Реституцияны қолдану үшін мына талаптар орындалуы қажет: залалдың болуы; реституция негізі; мезгілінде өтіну. Реституцияны қолдану мерзімі залал болған кезден бастап бір жыл.

Иеленуге енгізу преторлық құқық бойынша мұрагер деп танылған тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін қолданылды.

### **Негізгі терминдер:**

*Iurisdictio* – сот магистрларының әрбір жеке дауды шешу үшін сот процессін ұйымдастыру құқығы

*In iure* – магистрат алдындағы сот процессінің сатысы

Apud iudicem – судья алдындағы сот процессі сатысы  
Actio - талап  
Actiones in rem – заттық талап  
Actiones in personam – жеке талап  
Actiones rei persecutoriae – мүліктік құқықтарды қалпына келтіруге байланысты талаптар  
Actiones poenales – айып төлету талаптары  
Actio mixtae – айып және бұзылған мүліктік құқықтарды қалпына келтіруге байланысты аралас талаптар  
Conditiones – белгілі ақша сомасын немесе нақты заттарды алуға байланысты талаптар  
Actiones populares – қоғамдық мүдделерге қойылатын талаптар  
Actio directa – бастапқы талап  
Actio utilis – туынды талап  
Actio ficticiae – фикциясы бар талап, яғни жоқ айғаққа сілтеме жасайтын талап  
Actiones stricti iuris – қатаң құқық талаптары  
Intentio – талапкердің талабы көрсетілетін формула бөлігі  
Exceptio – жауапкердің қарсылығы көрсетілетін формула  
Res iudicata – сот шешімі  
Restitutio in integrum – бастапқы қалпына келтіру

### **Сұрақтар мен казустар:**

1. Римнің азаматтық процессінің негізгі белгілері мен түрлерін атаңыз. Рим сот өндірісінің кемшіліктерін атаңыз.
2. Мына фразадағы интенция мен кондемпнацияны көрсетіңіз: «Судья, егер құл Стих квинтитік құқық бойынша Актавииге тиесілі екені түсінікті болса, Нектрды сотта, егер түсініксіз болса ақта».
3. Интердиктіні жоққа шығаруға бола ма?
4. Кім судья бола алатын? Римде қалай судья болатын? Судьялардың шығарған шешімдері үшін жауапкершілік қарастырылған ба?
3. Цицеронның сөздерінде сот әділдігі қалай көрсетілген?
4. В.В. өзінің ауласына А.А.-ға тиесілі жер учаскесіне үнемі көлеңке түсіп тұратындай қора салады. А.А.ң жарықты жақсы көретін өсімдіктері өте нашар өседі. А.А. талап бере ала ма, егер бере алса қандай талапты береді? Мұндай жағдайда талаптың пәні не болады?
5. Н.Н.-ң отарынан қой бөлініп шығып, Г.Г.-ң отарына қосылып

басқа қойлармен аралысып кетеді. Н.Н. қойды қайтару туралы қандай талап қоя алады?

6. Римнің азаматы ат сатып алады, бірақ біраз күн өткен соң аурудан ат өліп қалады. Ыза болған сатып алушы преторға талаппен жүгінеді. Бұл дұрыс па? Талаптың түрі мен негізін көрсетіңіз.

7. Басқа мемлекетте қызмет ететін римнің консулына өзінің құқықтарын Римнің сот өндірісінде қорғау қажет болды. Ол Римге қайта алмайтын. Ол не істеуі керек еді? Ол адвокаттың қызметін пайдалана ала ма?

8. Қатты желдің әсерінен үйдің төбесі көрші участокқа түсіп, үйді күзететін итті өлтірді. Төбенің иесіне талап қоюға бола ма, егер болса қандай талап қойылады? Келтірілген зиянның мөлшері қалай есептелінеді? Талап негізін көрсетіңіз. Интенция мен кондеминацияны көрсете отырып, талап формуласын құрастырыңыз?

9. Ешкім де біздің алдымызда міндетті болмаса, бірақ біз өзіміздікі деп негізсіз санайтын көзге көрінетін заттың иесі болса, оған қарсы қандай талап қойылатын?

10. А.А. В.В.-ң қақпасының қасына баспалдақ қойды да, үйіне кетіп қалды. Осы уақытта ит баспалдақты жанап өткен кезде, ол құлап В.В.-ң тауығын өлтірді. В.В. А.А.-ға интердикт қоя ала ма? Интердикт қандай құқықтық қорғау құралына жатады?

11. Мырза өзінің құлының біреуін именияның басқармасы етіп бекітеді. Өз міндеттерін орындай отырып құл әртүрлі шарттар жасайды. Жасалған шарттар бойынша борыштар мырзаға преторлық талап қоюға негіз бола ма?

#### **Дайындалуға арналған тестер:**

1. Рим құқығы бойынша азаматтық іс жүргізу сатылары қалай аталады?

2. ius и iudicium

- actio
- restitutio
- executio
- interdictum

3. Залады өтеу туралы талап қалай аталады?

- Айып төлету туралы
- Арбитрлық

- Персекиторлык
  - Заттык
  - Танымал
4. Преторлық формула неден басталатын?
- Судьяны тағайындаудан
  - Преторды тағайындаудан
  - Эксцепциядан
  - Кондемпнациядан
  - Прескрипциядан

## 5-дәріс. РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕНШІК ИНСТИТУТЫ

1. Меншік құқығының түсінігі
2. Меншік құқығының түрлері
3. Меншік құқығының пайда болу негіздері
4. Меншік құқығын қорғау
5. Меншік құқығының тоқтатылуы

**Меншік құқығының түсінігі.** Меншік құқығы барлық құқық жүйесіндегі орталық институттардың бірі. Меншік құқығы институты жеке құқықтың сипатын анықтайтын институт. Рим құқығы меншік құқығын затқа толық үстемдік деп анықтады. Заттық құқықтан туындайтын тұлғаның затқа үстемдігі әртүрлі деңгеймен және мазмұнмен сипатталады. Бұл үстемдік меншік құқығында толық көрсетіледі. Классикалық рим меншігі тұлғаның жерге және құлға үстемдігін көрсетті. Дей тұрғанмен, меншік құқығының түсінігін өңдеу жай жүргізілді.

Рим мемлекетінің құрылуымен мемлекетке тиесілі барлық жерлермен қатар республиканың ішкі тарихы да өзгерді. Мемлекет барлық азаматтарға жерді мұрагерлікпен пайдалану құқығын берді. Үздіксіз жаулап алу салдарынан және рим аумағының үлкеюімен қатар мемлекеттік жер қоры мемлекетке өз азаматтарына көптеген кеңістіктерді беру мүмкіндігіне ие болды.

Ерте құқықта меншік түсінігін беретін арнайы термин болған жоқ. Ерте кездегі *dominium* термині “билік ету” дегенді білдірді және бұл термин зат кімнің билігінде болса соған қатысты қолданыла берді. Меншік құқығының мазмұны меншік иесінде бір мезгілде:

- *ius utendi*-затты пайдалану
- *ius abutendi*-затқа билік ету
- *ius fruendi*- затты пайдалану нәтижесінде кіріс алу және затқа билік ету құқықтарының болуымен түсіндірілді.

Пайдалану құқығы затты өзінің материалдық және рухани қажеттілігі үшін пайдалану, соның ішінде өнім келтіретін зат, зат ретінде өзінің пайдалануы және басқа тұлғалар арқылы пайдасын алу ретінде түсіндірілді.

Билік ету құқығы үшінші тұлғалардың талабымен емес, өзінің қалауы бойынша билік ету мүмкіндігін білдірді, яғни заттың юриди-

калық тағдырын шешу құқығы. Иелену затты нақты іс жүзінде иелену арқылы түсіндіріледі. Осы үш құқығы болған кезде ғана меншік құқығы туралы айтуға болатын, қорыта айтқанда осы үш термин меншік құқығының мазмұнын білдіреді.

Меншік құқығы шексіз емес. Тіпті ерте рим заңдарының өзі меншік құқығына шектеулер қойды.

Заңды шектеулер 12 кесте заңдарымен бекітілген болатын. Олар:

- Меншік иесі өзінің учаскесіне бір күн сайын көршісінің учаскесінде өсіп тұрған ағаштан түскен өнімін жинау үшін көршісін жіберіп тұру;

- 15 футтан асатын бұтақ өскен жағдайда, егер меншік иесі оны кеспейтін болса, бұтақты кесіп, тіпті ағаштың өзін кесу, егер оны меншік иесі өзі жасамайтын болса;

- Өзінің учаскесінің үстінен жарты футтан асатын құрылыс салуға

- Меншік иесі белгілі бір сыйақыға өз учаскесінен өткізіп тұруға міндетті болды.

**Меншік құқығының түрлері.** Меншіктің үш түрі белгілі болды.

Олар:

- Квириттік меншік

- Преторлық меншік

- Перегриндік меншік

Квириттік меншік ерте Римдегі меншіктің ертеректегі түрі болып саналады. Квириттік меншік құқығының белгілері: квириттік меншіктің субъектісі болып тек рим азаматы саналатын; квириттік меншіктің объектісі тек манципациялық заттар; квириттік меншік құқығы тек манципация жолымен пайда болатын.<sup>1</sup> Шаруашылық өмірдің дамуына байланысты азаматтық айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындады және рим емес азаматтардың құқықтарын қорғау қажет болды. Біртіндеп меншіктің жаңа түрі пайда болды және ол квириттік құқықпен танылмады және қорғалмады, бірақ претордың қорғауында болды. Претордың қорғауымен жүзеге

---

<sup>1</sup> Манципация процедурасы бойынша сатып алушы сатушының, бес куәгердің және таразышының қатысуымен таразы және қорғасынды сатып алынатын затқа тигізе отырып мына формуланы айтатын: « Мен нақтылаймын, бұл квириттік құқық бойынша маған тиесілі, себебі қорғасын мен таразының көмегі арқылы менімен сатып алынды». Бұдан кейін ол қорғасынды таразыда өлшеп, сатып алынған заттың бағасы ретінде сатушыға береді. Осы кезден бастап затқа меншік құқығы сатып алушыға өтеді.

асырылған меншіктің түрі преторлық меншік деп аталды. Преторлық меншік бойынша манципациялық заттар манципациялық емес жолмен иеліктен шығарылатын. Квириттік меншік бойынша мұндай мәмілелер жарамсыз деп танылып, виндикациялық талап берілетін және бұл азаматтық айналымның тұрақтылығына кері әсерін тигізетін. Кейін мұндай нысан шаруашылықтандырудың жаңа нысанына сәйкес келмеді. Сондықтан претор мұндай жағдайда жауапкердің құқықтарын қорғайтын, және мәміле орындалған болса, претор судьяға талапты қанағаттандырусыз қалдыру туралы жазба жазатын.

Перегриндік меншік преторлық меншікпен қатар дамыды және ерекше түрі ретінде қарастырылды. Себебі перегриндар ерекше мәртебе ие болды, нақтырақ айтқанда олар рим азаматтарына қарағанда құқықтары шектелген болатын. Меншік сонымен қатар ортақ болуы да мүмкін, егер екі немесе одан да көп тұлғаға тиесілі болатын болса. Ортақ меншік иелері ортақ пайдалану және иелену құқығына ие болды. Өнімдер де олардың үлестеріне қарай бөлінетін. Егер де затты пайдалану әдеттегі тәртіптен шығып кетсе, онда басқалардың келісімі қажет болатын. (Д.2.22.7.1).

**Меншік құқығының пайда болу негіздері.** Меншік құқығының пайда болу тәсілдері бастапқы және туынды тәсіл деп екіге бөлінетін. Бастапқы тәсіл дегеніміз затқа меншік құқығының алғаш пайда болуы. Мұндай тәсілдерге басып алу (окупация), иелену көнелілігі бойынша меншік құқығының пайда болуы, қойма, спецификация жататын.

Туынды тәсіл дегеніміз меншік құқығының бір тұлғадан екінші тұлғаға өтуі. Бұған: заттарды беру, өсиет бойынша бас тарту, бөтен біреудің меншігін пайдаланудан түскен кіріс, өнім және шарт негізінде меншік құқығының ауысуы жатады.

**Оккупация** дегеніміз ешкімге тиесілі емес затты өз меншігіне айналдыру. Басып алу иесіз заттарға қатысты қолданылады. Ешкімге тиесілі емес заттарға - иесіз заттар, жабайы аңдар, құстар, балықтар, табиғи емес заттар;

- бас тартқан заттар, сынған заттар, бүлінген заттар;

- бұрын рим азаматына тиесілі болмаған жаулап алу және соғыс кезінде алынған заттар жатады.

Жоғалтылған және жасырылған заттар екіге бөлінді: олжа және қойма деп. Бұл туралы толығырақ төменде мәлімет беріледі. Ешкімге тиесілі емес заттар – *res nullius* терминологиясымен, меншік иесі

бас тартқан заттар-res de re lictae; жаудың заттары-res hostiles терминологиясымен анықталды.

**Иелену көнелілігі бойынша затты иелену.** Иелену көнелілігі – бұл затты адал ұзақ уақыт бойы пайдалану нәтижесінде меншік құқығының пайда болуы. Иелену көнелілігі ерте цивильдік құқықтың өзінде танымал болған. Ол рим азаматтарына қатысты қолданылды және меншік құқығы қозғалатын заттарға бір жылдан кейін, қозғалмайтын заттарға екі жылдан кейін пайда болды. Юстинианның Кодификациясында бұл мерзімдер қозғалатын мүлік үшін үш жыл, қозғалмайтын мүлік үшін бір жыл болды. Иелену көнелілігі бойынша меншік құқығы пайда болу үшін мына алғышарттар орындалуы керек болды: а) иеленудің заңды негізі; б) адал иелену; в) иелену мерзімінің үздіксіз жүргізілуі. Иелену бір адаммен үздіксіз жүргілуі қажет болды.

**Қойма.** Қойма дегеніміз қандай да болмасын жерде бұрыннан жасырын жатқан, ашқаннан кейін иесін табу мүмкін болмайтын құндылық. Бөтен біреудің жерінен оқыста тауып алған қойма тауып алған адам мен жердің қожайынының ортақ меншігі болып саналды. Мақсатты іздеу нәтижесінде жердің қожайынының рұқсатынсыз және оны ескертпей тауып алынған қойма олжаға теңестірілді және оны беру құқықбұзушылық болып саналды. Қасиетті жерлерден тауып алынған қоймаға меншік құқығы пайда болмайтын.

**Спецификация.** Спецификация – бір немесе бірнеше заттардан жаңа зат дайындау. Ие болу құқығы материалдың меншік иесіне тиесілі болатын немесе өз еңбегімен затты өндеген адамға тиесілі болатын. Юстинианның құқығы бойынша спецификатор жаңа заттың иесі меншік иесі болып саналды, егер ол бөтен затқа өз затынның бір бөлігін қосу арқылы жаңа зат өндеп шығарса. Мұндай жағдайда ол материалдың құнын беруге тиісті болды.

**Заттарды беру- традиция.** Традиция- затқа меншік құқығын беру ниетімен затты беру. Традиция негізі шарт болды. Бастапқыда традиция иелікке алушылар рим емес азаматтар болып табылатын манципациялық емес заттарға қатысты қолданылды. Традиция көмегімен меншік құқығының ауысуы- негіз арқылы ауысатын. Бұл негіз тараптардың еркі болып табылды. Юстиниан Кодификациясында традиция меншік құқығын ауыстыру туралы заттық шартты жасаудың бірден-бір тәсілі болып саналды. Традиция бойынша затты тікелей беру және оның мақсаты болуы міндетті болды.

**Заттарды біріктіру.** Заттарды біріктіру бір затты екінші затқа қосу және оның бір құрамдас бөлігі болу. Заттарды біріктірген кезде әр түрлі меншік иесіне тиесілі заттар бірігеді. Қозғалатын заттар ұнтақталатын заттар және ұнтақталмайтын заттарды араластыру нәтижесінде бірігетін. Біріктірген заттардың қайсысы негізгі зат деген сұраққа заттың шаруашылық бекітілу маңыздылығына, құндылығына байланысты анықталды. Жаңадан пайда болған заттың меншік иесі біріктірілген заттың құнын төлеуге міндетті болды.

**Бөтен затты пайдалану нәтижесінде алынған өнімдер, және кірістер.** Өнімдер, өнімді берген заттан ажыратылған кезден бастап өз алдына дербес заттар болып саналады. Өнімдер өнімді алған тұлғаға тиесілі болды. Өнімдер деп өнім келтіретін заттардың шаруашылық маңызын жоғалтпай үнемі және тұрақты пайдалану нәтижесінде алынған заттың органикалық туындысы. Гай «өнімге сүт, жүн де саналады, сондықтан қозы немесе лақ өнімді алған тұлғаға тиесілі болып табылады» - деп жазады. Күннің баласы өнімге жатпайды, сондықтан меншік иесіне тиесілі. Яволен, кепілге салынатын затты ғана өнім деп санады.

**Меншік құқығын қорғау.** Меншік құқығын қорғау кез-келген құқықбұзушыға қарсы әрекет еткен заттық талаптармен жүзеге асырылды. Меншік құқығын қорғауға байланысты 70-тен астам талап болды. Негізгі талаптар виндикациялық және негаторлық болды.

Өзінің заңды иеленуін қайтару үшін меншік иесі арнайы виндикациялық талап қоюға құқылы болды.

Виндикациялық талап меншік иесінің еркінен тыс шыққан затын қайтарып алу туралы талабы, яғни бөтен біреудің заңсыз иеленуінен затты қайтарып алу туралы талап. Талапкер болып меншік иесі танылады, ал жауапкер дау туған кездегі затты иеленуші кез-келген тұлға. Меншік құқығын дәлелдеу талапкерге жүктелді, егер дәлелдей алмаса жауапкер оны құқықтық салдар туындататын айыптау құқығына ие болатын. Дәлелдеген жағдайда затқа меншік құқығы арнайы соттың бұйрығынсыз, бірақ сот шешімін орындау тәртібімен бұрынғы меншік иесіне өтетін. Егер де жауапкер талапкерге затты қайтармаса сот шешім шығарған кездегі заттың құны бойынша жауапкершілікке жүктелетін. Осы талаптың көмегімен Пампониийдің айтуы бойынша, тек жекелеген заттар ғана емес, атарларды да виндикациялауға болатын. Бұл жерде табын, үйір т.б. топ-тобымен жүретін малдарға қатысты да айтуға болады, яғни жекелеген мал емес тобы біздікі болса, виндикациялауға

болады. Сонымен қатар, егер кімде-кім бөтен біреудің тастарынан өз учаскесінде үй тұрғызса, ол үйді виндикациялай алады.

Талаптың басты мақсаты затты барлық өнімдерімен қалыпты жағдайда қайтару. Бірақ судья затты талапкерге қайтару кезінде жауапкер адал иеленуші болса, затты сақтауға кеткен шығындарды өтеу туралы міндетті жүктей алатын. Ал, адал емес иеленуші затты қайтара отырып, өнім мен кіріс құнын қайтаруға міндетті болды. Сонымен қатар адал емес иеленуші заттың жойылғаны үшін барлық жағдайда да жауап беретін.

**Негаторлық талап.** Меншік иесі затты жоғалтпаған кезде де, меншік құқығын қорғауды қажет етті. Бұл меншік иесіне затқа меншік құқықтарын жүзеге асыру кезінде басқа тұлғалардың кедергі келтіру кезінде орын алады. Бұл жағдайда меншік құқығын қорғау үшін негаторлық талап қолданылды. Негаторлық талап меншік еркіндігін бұзушыларға қарсы бағытталған талап. Негаторлық талаптың виндикалық талаптан айырмашылығы бұл талапты қояр кезде меншік иесі затынан айырылмайды, бірақ меншік құқықтарын жүзеге асыруға байланысты кедергілерді кездестіреді. Негаторлық талап бойынша жауапкер кез-келген тұлға болуы мүмкін. Талапкер өзінің меншік құқығын және оны жауапкердің бұзғандығын дәлелдеуі керек. Егер талап қанағаттандырылатын болса, талапкерге құқықты бұзумен байланысты барлық залалдар өтеледі.

**Меншік құқығының тоқтатылуы.** Затқа меншік құқығы тоқтатылды, егер меншік иесі өз еркімен заттан бас тартса, зат жойылса, зат иеліктен шығарылса, немесе меншік иесінен зат еріксіз алынса. Заттың жойылуы физикалық және юридикалық жойылу арқылы болуы мүмкін. Физикалық жойылу дегеніміз- заттың толық жойылуы немесе ол заттың сапасы жоғалтылған жағдайға келтірілген болса. Юридикалық жойылу дегеніміз затты азаматтық айналымнан алып тастау. Меншік құқығы тоқтатылады, егер зат иеліктен шығарылса, яғни жеке-құқықтық мәмілелер арқылы затты басқа біреудің меншігіне беру.

#### **Негізгі терминдер:**

Res corporals – көзге көрінетін (денелік) заттар

Res incorporales – көзге көрінбейтін заттар

Res soli – қозғалмайтын заттар

Res mobiles – қозғалатын заттар  
Res mancipi – манципациялық заттар  
Res nec mancipi – манципациялық емес заттар  
Res quae ipso usu consumuntur – тұтынылатын заттар  
Res quae usu minuuntur – тұтынылмайтын заттар  
Genus – топтық белгілерімен анықталатын заттар  
Species – жеке заттар  
Accessorium – қосымша заттар  
Bona – мүлік, меншік  
Res in commercio -айналымдағы заттар  
Res extra commercium – айналымнан алынып қалынған заттар  
Possessio – иелену  
Animus possidendi – иеленудің субъективтік элементтері  
Corpus possessionis – иеленудің объективтік белгілері  
Possessio iusta – адал иелену  
Possessio iniusta – адал емес иелену  
Apprehensio – жаулап алу  
Traditio – иеленуді беру  
Proprietas – меншік  
Specificatio – басқа тұлғаға тиесілі бірнеше немесе бір заттан жаңа зат жасау, дайындау  
Occupatio – өзінде қалдыру мақсатымен заттарды ұстап қалу немесе алып алу, жаулап алу  
Thesaurus – қойма  
Usucapio – иелену көнелілігі  
Rei vindicatio – виндикациялық талап  
Actio negatoria – негаторлық талап  
Actio publiciana – публициандық талап  
Servitus – сервитут  
Servitutes praediorum – жер сервитуты  
Servitutes personarum – жеке сервитут  
Ususfructus – затты пайдалану және оның өнімін алу құқығы  
Habitatio – бөтен біреудің үйінде өмір бақи тұру  
Superficies – мұрагерлікпен берілетін және иеліктен шығарылатын бөтен біреудің жерінде ұзақ уақыт бойы пайдалануға құрылыс салу  
Emphyteusis – ауылшаруашылық жер учаскесін мұрагерлікпен жалдау

### Сұрақтар мен казустар:

1. Меншік құқығының пайда болуының бастапқы тәсілдерінің туынды тәсілдерден айырмашылығы неде?

2. Меншік иесінің негізгі құқықтары қандай?

3. Меншік құқығының, иеленудің және ұстаудың пайда болу және тоқтату тәсілдерін бекіте отырып, римдіктер сіздің ойыңызша нені басшылаққа алды- пайдалануды ма не болмаса басқа жағдайды ма?

4. Римдегі және қазіргі кездегі заттық құқықтық институттарға салыстыру кестесін жасаңыз. Қандай заттық-құқықтық қатынастар жүйесі жеке және жария мүдделерді қамтиды?

5. Н.Н. жасырын жатқан құндылықты білді де меншік иесінің келісімінсіз іздеу жұмыстарын жүргізеді. Мұны білген жердің меншік иесі қойма оның учаскесінде жасырылған, сондықтан қойманың меншік иесімін деген негізде құнды заттарды өзіне беруді талап етеді. Бұл казусты қалай шешуге болады? Қойманың меншік иесі кім?

2. Меншік иесі адал емес иеленушіден өзінің ұрланған атын қайтару туралы талап қояды. Талап қойылған күннен кейін бірнеше күн өткен соң ат адал емес иеленушінің кінәсіз жағдайда өліп қалады. Бұл іс жабылуға жата ма? Немесе адал емес иеленуші бұл жағдай үшін жауап бере ме?

3. А.А. ағаш отырғызады. 3 жылдан соң ол жақсы өнімдер бере бастайды да, көршісінің учаскесіне түседі. Көршісі оны пайдалана отырып, А.А.-ға территориясынан өнімді жинауға тиым салады. А.А. көршісіне талап қоя ала ма?

4. Өз бетінше басып алушы иеленушіні қуып шығады, бірақ күтушілер мен кейбір отбасы мүшелерін қалдырады. Басып алушы учаскенің жаңа иеленушісі бола ала ма? Бұрынғы иеленуші учаскеде қалдырылған отбасы мүшелері арқылы өзінің иеленуін сақтап қала ала ма?

5. Б.Б. жоғалған затты тауап алады да, оны жасырын өзі қолданады. Бір жыл өткен соң бұрынғы иесі оны қайтару туралы талап етеді. Кейінгі иеленуші пайдаланудың ескіру мерзіміне сілтеме жасай ала ма?

6. Жердің иеленушісі сырқаттануына байланысты жерді қараусыз қалдырып кетіп қалады. Кейін қайтып келген ол, оның жеріне көршісінің орналасқанын біледі. 12 кесте заңы бойынша иеленуші өз жерін қайтару туралы талап ете ала ма?

7. Үйірінен адасып қалған жылқы бөтен аулаға кіреді және аула-

ның қожайыны оны өзінде қалдырады. Үш жыл өткен соң жылқының меншік иесі оны тауып алады және оны кейін қайтаруды талап етеді. Жылқының меншік иесі Юстиниан институтиясы бойынша жылқыны кейін қайтарып ала ала ма?

8. Фермер болып табылатын рим азаматы көршісіне ақыға уақытша пайдалануға сиыр береді. Көршісі сиырды баға отырып оған шығындар жұмсайды (тамағы, ветеринар т.б.) және ол адал көрші болады. Біраз уақыт өткеннен соң сиыр бұзаулайды. Бұзаудың меншік иесі кім болады? Сиырды жалға алған көршісі өзінің жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы талап қоя ала ма?

9. Рим азаматының учаскесіндегі ағашының бұтақтары көрші учаскеге түсіп тұрады. Ағаштың меншік иесі көршісінің учаскесінен қанша уақыт аралығында өнімді жинап тұра алады? Көршісі ағаштың бұтағын қандай жағдайда кесе алады?

10. Тұлға өз затын басқа тұлғаға сақтауға қалдырады. Сақтауға алған тұлға затты пайдалана ала ма?

11. Басып алушы тұлға жоқ кезде жер учаскесіне ие болады. Ол жерді иеленуші болып табыла ма, егер табылса қандай жағдайда?

12. Мыналар затқа жата ма: күн, ауа, немесе ерікті адамның денесі?

Айналымнан тыс заттар-храм, құдайларға арналған ескерткіштер, табыттар затқа жата ма?

13. Рим құқығы муниципациялық заттарға нелерді жатқызды?

14. Ссудаға берілген зат мәміленің пәні бола ала ма?

15. Н.Н-ң затын ұрлап алады? Ұрланған зат табылғанша және қайтарылғанша Н.Н. меншік құқығын жоғалта ма?

16. Қожайынынан қашып кеткен құл басқа біреудің құлы бола ала ма?

17. А.А. Б.Б-дан бес ат ұрлап алады. Біраз уақыт өткен соң А.А. Б.Б-ға оның малын ұрлап алғанын айтады. Б.Б. сотқа малды емес моральдық залал үшін екі есе ақшасын қайтару туралы талап қояды. Оның мұндай мүмкіндігі бар ма?

18. А.А.-да көп құл болған. Бір күні ол өзінің көршісіне жұмысқа екі құлын береді. Ол құлдар шахтада тастың астында қалып, өліп қалады. А.А. рим азаматтық құқығы бойынша өзінің көршісін сотқа бере ала ма?

19. Флорентиннің айтуы бойынша еркіндік-өз еркі бойынша әркет ету мүмкіндігі, егер оған :

- А)құқық
  - Б)қабілетсіздік
  - В) діни немесе адамгершілік сенім
  - Г) күштеу кедергі келтірмесе.
- Флорентин екі кедергіні көрсетеді, олар қандай кедергілер?

**Дайындалуға арналған тестер:**

1. Тұлғаның затқа құқықтық билігі қалай аталады
  - Меншік құқығы
  - Манципация
  - Құқыққабилеттілігі
  - Деликт
  - Тәсіл
2. Тек рим азаматтарына тиесілі меншік құқығы қалай аталады?
  - Квириттік
  - Провинциальдық
  - Перегриндік
  - Бонитарлық
  - Жалпы
3. Бөтен біреудің иеленуінен меншік иесінің затты қайтару туралы талабы-бұл
  - Виндикациялық
  - Негаторлық
  - Конфессорлық
  - Публициандық
  - Қайырымдылық

## 6-дәріс. РИМ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША МҰРАГЕРЛІК

1. Мұрагерлік түсінігі.
2. Мұрагерлік тәртібі.
3. Легаттар және фидеикомисстер.

Рим құқығында мұрагерлік институты ерекше орынға ие. Мұрагерлік институты рим заңгерлерімен өңделген институт болды. Рим заңгерлері көптеген түсініктер мен ережелерді өңдеді. Мұрагерлік-қайтыс болған адамның мүлкінің бір немесе бірнеше тұлғаға өтуі. Мұрагерліктің нәтижесінде әмбебап құқыққабылдаушылық болады. Осы кезде рим құқығы сингулярлық құқыққабылдаушылықты да білді. Сингулярлық құқыққабылдаушылық бойынша мұрагерге мұрагердің барлық құқықтары емес, кейбір құқықтары ғана өтеді. Мұрагерлік құқықтың нормалары мүлікке ие болу тәсілдеріне жатады. Рим заңгерлерімен мұрагерлік құқықтың қажетті мұрагерлік, мұрагерлік трансмиссия, өсиеттен бас тарту, ұсыну құқығы сияқты мұрагерлік құқықтың институттары өңделді.

Рим мұрагерлік құқығының дамуының қалыптасу кезеңін төртке бөлуге болады: цивилдік құқық бойынша (hereditas), преторлық эдикт бойынша (bonorum possessio), императорлық заңдар және Юстиниан заңдары бойынша.

*Цивильдік құқық бойынша мұрагерлік.* Римде, барлық жерлердегі сияқты мұрагерліктің пайда болу мерзімі бойынша мұрагерліктің негізі заң бойынша мұрагерлік болды (hereditas legitima). Бұл бойынша мүлік отбасында қалып отырды. V кестеде екі негізгі қағида бекітілген: мұрагерлер қайтыс болған адамның барлық борыштарын әр мұрагер өз үлестеріне қарай қабылдады және барлық талаптарды өзара бөлді.

Рим мұрагерлік институтының сипаты, оның әр кезеңде де : nemo pro parte testatus, pro parte intestatus decedere potest – бір адамның мүлкі бір мезгілде өсиет бойынша мұрагерлік және заң бойынша мұрагерлікпен берілуі мүмкін емес-деген ережемен анықталады.

Мұрагерлік құқығының бұл кезеңде дамуы өсиет қалдырудың еркіндік қағидасының айқын болуымен ерекшеленеді. Когнаттық туыстық бұл кезеңде заң бойынша мұрагерлікке құқық бермеді.

*Преторлық құқық бойынша мұрагерлік.* Цивильдік мұрагерлікпен қатар преторлық мұрагерлік бекітілді. Бұл туралы Цицеронның

шығармаларында айтылған. Мұрагерлікке қатысты реформалар претормен республика кезеңінде басталып принципат дәуірінде аяқталды.

Агнаттық туыстыққа байланысты өмірдің жаңа сұрақтары барлық әлеуметтік- экономикалық құрылымның өзгеруі претормен ескеріліп, қандық бойынша туыстық заң бойынша мұрагерліктің негізі бола отырып, алғаш рет преторлық құқықта танылды және император заңдарында көрініс тапты.

Претор мұрагерлік мүлікті иеленуге байланысты ерекше интердикт – *interdictum quorum bonorum*-ді бекітті. Бастапқыда бұл интердиктіні претор наразылықты қарағаннан кейін цивилдік құқық бойынша кімді мұрагер деп таныса соған берді. Мұндай жағдайда претор цивилдік құқықты дамытуға байланысты қолдану мақсатында әрекет етті. Бірақ, жақын туыс мұрагерлікті қабылдаса, ол келесі туысқа өтпей иесіз болып қалатын немесе кез келген тұлғаға берілетін, сондықтан осындай жағдайлардан арылу үшін және мұрагерлік мәселесінің күрделілігіне байланысты претор мұрагерлік иеленуді *bonorum possessio* берді, яғни мұрагерлік келесі туыстарға берілді. Бұл жағдайларда претор цивилдік құқықты толықтыру үшін әрекет етті.

Кейін, *bonorum possessio* эмансипацияланған балаларына, яғни әкесінің билігінен шыққан балаларына және мұрагерліктен шеттетілген балаларына берілді. Бұл жағдайда да претор цивилдік құқықты түзету үшін, когнаттық туыстықты заң бойынша мұрагерлікпен байланыстырды.

Осылайша мұрагерліктің цивилдік жүйесімен преторлық жүйе қалыптасты. Цивилдік норманың ескірген нормаларының орнына преторлық қағидаларға негізделген норма келді.

*Император заңдары бойынша мұрагерлік.* Мұрагерлікке принципат дәуірінде әсіресе империя дәуірінде көп көңіл бөлінді. Осы кезеңде мұрагерліктің преторлық жүйесінің негізгі бастамалары бекітілді.

Император қаулылары және сенатусконсульттар қандық туыстық тенденциясын дамытты және бұл аналық мұраға балаларының құқықтарын заңдандыруды кеңейтті. Осы кезеңде ана тарапынан туыстарға мүлікті мұраға қалдыру мәселелері қалпына келтірілді.

*Юстиниан құқығы бойынша мұрагерлік.* Мұрагерлік құқығының дамуы Юстиниан новеллаларында аяқталды.

**Өсиет бойынша мұрагерлік.** Рим құқығында өсиет бойынша мұрагерлік заң бойынша мұрагерлікке қарағанда кейінірек пайда болды. Ульпиан өсиетке мынадай анықтама берді: *Testamentum est mentis nostrae iusta contestatio in id sollemniter factum, ut post mortem nostram valeat* – Өсиет еркімізді құқықтық білдіру, біз қайтыс болғаннан кейін әрекет ету үшін жасалған.

Өсиет заңды нәтиже беру үшін мынадай талаптар қойылды: а) бекітілген нысанда; б) белсенді өсиеттік құқықабілетті тұлға жасауы; в) енжар өсиеттік құқықабілетті тұлғаны тұлғаның мұрагері деп бекіту.

Гайдың айтуы бойынша, ерте құқықта өсиеттің екі нысаны болған. Біріншісі жылына екі рет шақырылатын халық жиналыстарында жасалды. Өсиет қалдырушы ауызша нысанда өзінің еркін халыққа жариялады, мұрагерді тағайындады. Сонымен қатар легат туралы билік ете алатын, әйеліне және балаларына қамқоршы бекіте алатын. Екінші нысан бойынша өсиет жария түрде болды. Соғыс кезінде өсиет қалдырушының еркі солдаттар алдында жарияланатын.

Өсиеттің екі нысанында кемшіліктер болды. Олар:

1) өсиеттің екі нысаны да жария түрде болды, бұл көп жағдайда өсиет қалдырушының мүдделеріне сәйкес келмейтін; 2) бірінші өсиет жылына тек екі рет жарияланатын, ал екіншісі әскер құрамына кірмейтін тұлғалар үшін, соның ішінде кәрі адамдар мен ауру адамдар үшін қолы жетпейтін өсиет.

Аталған өсиеттің нысандары қолайлы болған жоқ және өмірдің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады және тәжірибе тиісті қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа тәсілдерін манципацияны қолдану арқылы тапты. Осыған байланысты рим құқығында өсиеттің үшінші нысаны пайда болды және ол «қорғасын мен таразының көмегі арқылы» жүзеге асырылатын мұрагерлік деп танылды.

Жоғарыда алғаш айтылған өсиеттің жалпы кемшілігі:

*Familiae emptor* өсиет қалдырушының барлық мүлкінің иесі болып танылды, яғни ол *heredis loco* -мұрагер жағдайында болды. Бірақ оның міндеттерді (*nuncupatio*) орындауы тек *fides*-адамгершілікпен ғана санкцияланған жоқ, өсиетте бас тартылған кез -келген тұлға қоюға құқығы бар талаппен де санкцияланды. Бірақ, *familiae emptor* өсиет пен өсиет пайдасына жасалған тұлғаның арасындағы заңи құрал болды.

Уақыт өте келе өсиеттің жазбаша нысаны ауызша нысанды ығыс-

тырып шығарды. Доминат кезінде өсиеттің жаңа жария нысаны пайда болды: соттың алдында жарияланған өсиет және императорға сақтауға берілетін өсиет.

Өсиет заңды күшке ену үшін, өсиеттің нысанын сақтау жеткіліксіз, сонымен қатар өсиеттік құқыққабилеттілік болуы керек.

**Заң бойынша мұрагерлік.** Заң бойынша мұрагерлік өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда немесе өсиет болмаған кезде қолданылады.

Мұрагерлік жүйесі ерте цивильдік құқық бойынша XII Кесте заңдарының ережелері бойынша анықталды: «*Si intestato moritur, cui suus heres non essit, agnatus proximus familiam habeto. Si agnatus nec essit, gentiles familiam habento.* – егер кімде-кім өсиетсіз өлсе және “өзінің” мұрагерлері болмаса, онда мұрагерлікті жақын агнат қабылдасын. Егер агнат та болмаса, мұра туыс мүшесіне берілсін».

Осы ереже бойынша мұрагерлердің үш кезегі бекітілді. Претор эдиктісімен мұрагерлердің төрт кезегі бекітілді. Мұрагерліктің дамуының соңғы кезеңі Юстиниан новелласы бойынша қорытындыланды. Юстиниан заңы мұрагерлікті түпкілікті өзгертті. Новеллада 118 (543 ж.), кейіннен 127 (548 ж.) новелламен мұрагерлік кезегін когнаттық туыстықпен анықтады.

Юстинианның новелласына сәйкес мұрагерлердің төрт кезегі болды. Бірінші кезекте: ұлдары, қыздары ерте қайтыс болған балаларынан немерелері. Немерелері мен келесі дәрежедегі ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұрагерлікке ие болды. Бұл кезекте жынысына, әкесінің билігіне және туыстық дәрежесіне қарамастан мұрагерлікке ие болды.

Екінші кезек бойынша мұрагерлік шақырылды, егер бірінші кезектегі мұрагерлік болмаса. Оған әкесі, шешесі, атасы және әжесі, толық туыстар және олардың балалары шақырылды. Бұл жерде толық туыстар дегеніміз әкесі және ортақ туыстар. Үшінші кезек алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған кезде шақырылды. Бұлар толық емес ағайындылар және ерте қайтыс болған толық емес туыстарының балалары. Толық емес туыстар әкесі немесе шешесіне ортақ туыстар. Ал, олардың балаларын мұраға шақыратын, егер әке-шешелері қайтыс болған болса, солардың үлесі ретінде. Төртінші кезек жанама туыстар арасында шақырылатын.

Новеллада артында қалған жұбайының мұрагерлігі туралы ештеңе айтылмаған. Юстиниан жүйесі бойынша енгізілген өзгеріс бойынша

артында қалған жұбайы мұрагер болады, соңғы кезек бойынша. Бірақ, Юстиниан мынадай ережені бекітті: табысы жоқ жесір (uxor indotata) кез-келген мұрагермен қатар 100 фунт алтыннан аспайтын мөлшерде мұрагер бола алатын. Өз балаларымен мұрагер бола отырып, ол узуфрукт алу құқығына да ие болды. Егер барлық кезек бойынша мұрагерлер болмаса ол мемлекеттік қазынаға немесе монастырға не шіркеуге өтетін.

Бастапқыда өсиет қалдырушы өзінің мүлкіне билік етуге қатысты шексіз еркіндікке ие болды, бірақ біртіндеп өсиет қалдырушыға шектеулер беріле бастады. Бұл шектеулер бойынша өсиет қалдырушы өзінің туыстарына қатысты қамқорлық жүргізуі тиіс болатын. Осыған байланысты қажетті мұрагерлік институты пайда болды.

Классикалық кезеңде жақын туыстары мұрадағы міндетті үлеске ие болды. Мұрадағы міндет үлесі заң бойынша мұрагерлік бойынша қалдырылатын үлес бойынша анықталды. Бұл үлес (portio debita) легат жолымен де орнай алатын.

Юстинианның 118 новелласында міндетті үлес мөлшерін көбейтті.

Үлкен патриархальдық отбасының ыдырауына байланысты агнаттық туыстық өз маңызын жойды және мұрагерлер мұрагерлікке кезектілік бойынша шақырылды.

### **Негізгі терминдер:**

Testamentum - өсиет

Testamentuum factio activa – белсенді өсиет қабілеттілік

Testamentum factio passiva – енжар өсиет қабілеттілік

Substitutio – мұрагерді бекіту

Transmissio delationis – өзінің өліміне дейін мұраны қабылдап үлгермеген мұрагердің мұрагерін шақыруға байланысты мұраны қабылдап алу құқығының өтуі

Legatum – үшінші тұлғалардың пайдасына белгілі бір әрекеттерді мұрагердің орындауы туралы өсиет

Fideicomissa – өсиеттен бас тарту

## Сұрақтар мен казустар:

1. Н.Н. соғыс кезінде қайтыс болар алдында мүлкін мұрагерлікпен балаларына қалдырады. Бірақ ол әлі дүниеге келмеген, бірақ анасының жатырына біткен баласын еске алмады.

Претор қандай шешім қабылдауы қажет? Дүниеге келмеген балаға мұра бөліне ме?

2. Мұраға қалдырушы өзінің мүлкін төрт баласына өсиетпен қалдырады. Мұраның басым бөлігін үлкен баласына өсиеттейді. Мүлікті қабылдау кезінде мұрагерлер әкесінің қарызының бар екенін біледі. Үш баласы несие берушінің қарызын, мүліктің басым бөлігі үлкен балаға өтті дегенді ескерте отырып, үлкен баласынан қарызды өтеу міндетін өз мойнына алу туралы талап етеді. Үлкен ұлы бұл талапты орындаудан бас тартпа ма? Рим құқығы бойынша үлкен баласы төлеуге міндетті ме?

3. А.А. ұзақ уақыт бойы шет елде оқуда болған баласына өзінің малын мұрагерлікпен қалдырады. Баласының шет елде екеніндігіне байланысты ол малын туыстарына қалдырады. Ол қайтыс болғаннан кейін де баласы ұзақ уақыт шет елде болады. 5 жылдан кейін келген баласы мұрагерлік туралы біледі де, туыстарынан малды талап етеді. Ал туыстары: «мен малды бес жыл бойы асырадым және оған көп ақша жұмсадым, енді саған бермеуге құқылымын» – деді.

Туысыңкі дұрыс па? Бұл ерте құқық және империя кезіндегі концепция бойынша қалай шешілді?

4. Әкесі өлгеннен кейін баласына мұра қалады. Әкесінің несие берушілерге 2000 асс көлемінде қарызы болады. Бұл мұраға қалған барлық мүліктің құнымен тең. Осы себепке байланысты біраз уақытқа дейін баласы несие берушілер қарыздарын ұмытар деген үмітпен мұраны қабылдамады. Мұраны қабылдап алуға сотпен мерзім тағайындалды. Мерзім өтсе де мұра қабылданбады. Бұл сұрақ Юстиниан құқығы бойынша қалай шешілді?

5. Қайтыс болар алдында М.М. өзінің досына әйеліне қорғаншы болу туралы өсиет қалдырды. Бірақ кейбір себептермен әйелі күйеуінің жолдасын қорғаншы ретінде қабылдағысы келмеді. Қорғаншыда және әйелде қандай құқықтар бар? Дауды қалай шешуге болады?

6. Әкесі балаларына мұра қалдырады. Оның асырап алған балалары мен әйелі болады. Асырап алған балалары мұраны талап ете ала ма? Рим құқығының нормалары бойынша мұра қалай бөлінетін?

3. Paterfamilias өзінің екі баласына мұра қалдырады. Бірақ олардың біреуі мұраны қабылдауға келмейді. Мұра екінші баласына өте ме? Рим құқығы бойынша мұраны қабылдап алудың мерзімі көрсетілген бе?

8. Рим құқығы бойынша кім бірінші кезекте мұрагер бола алатын, әйелі ме баласы ма?

9. Мұрадан бас тартса мұрагердің өтініші қажет пе?

10. Әкесі өзінің жалғыз баласына мұрасын қалдырады. Бірақ, бала мұра ашылғанға дейін қайтыс болады. Мұра құқығы кімге ауысады?

11. Б.Б. өзінің мүлкін жақын досына мұрагерлікпен қалдырады. Ал, оның туған інілері мен апайларына ешнәрсе де қалдырылмайды. Рим құқығы бойынша олар мұрадан өздерінің үлестерін талап ете алады ма?

12. Патерфамилиас қайтыс болғаннан кейін мұра ашылады. Агнаттар оның құқық қабылдаушылары бола ала ма? Олар мұрадан бас тарта ала ма?

13. Қожайын мұрагер етіп өзінің құлын тағайындайды. Бірақ, мұра ашылу кезінде құл құлдықтан босайды. Құл мұрадан бас тарта ала ма?

14. Әсиет жазылған кезден бастап 10 жыл өтеді, бірақ мұра ашылмайды. Рим құқығы бойынша мұндай жағдайда не болады?

15. Әкесі өзінің жинаған мүлкін екі баласына мұраға қалдырады. Бірақ балаларының біреуі мұраны қабылдамай тұрып қайтыс болады және оның соңында мұрагерлері болмайды. Оның мұрадағы үлесі қалай шешіледі?

16. Үлкен ағасы өзінің інісіне тек қарыздарын қалдырып кетеді. Бақытқа орай інісі дер кезінде мұрагерлік мүлікке тізім жүргізеді. Ол тізімді қанша мерзім ішінде жүргізуі керек? Мұрагер рим құқығы бойынша тізім жүргізгеннен кейін қарыз бойынша жауап береді ме?

17. Мына түсініктердің маңызын түсіндіріңіз: мұрагерлік трансмиссия, әмбебап және сингулярлық құқыққабылдаушылық, инвентария бенефициумы, сепарационис бенефициумы.

18. Юстиниан новелласы, цивильдік құқық бойынша, преторлық құқық бойынша мұрагерліктің айырмашылығына кесте құрастырыңыз.

19. Мұраның бір бөлігін заң бойынша, екінші бөлігін әсиет бойынша қабылдауға бола ма?

20. Легаттың фидеюкомисстен айырмашылығы қандай? Легатты қабылдау тәртібі қандай? Фальцидиев төрттігі дегеніміз не?

## 7 -дәріс. РИМ ЖЕКЕ ҚҰҚЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕ ЖӘНЕ ШАРТ ТУРАЛЫ ІЛІМ

1. Міндеттеме түсінігі.
2. Міндеттеме түрлері.
3. Міндеттеменің орындалу орны және уақыты.
4. Міндеттеменің тоқтатылуы.
5. Шарт түсінігі.
6. Шарттарды топтастыру.
7. Вербальды контрактілер.
8. Консенсуальды контрактілер.
9. Нақты контрактілер.

**Міндеттеме түсінігі.** Міндеттеме-бұл несие берушінің борышқордан өзінің пайдасына нақты әрекетті, мінез құлықты талап ететін формальды мүмкіндігінен тұратын субъективтік юридикалық жағдай. Міндеттеме түсінігі Юстинианның Институцияларында көрсетілген. Бұл Институцияға сәйкес біздің мемлекетіміздің құқығына сай қандай да болмасын бір нәрсені орындауға байланысты құқықтық. Ал, Павел міндеттемеге мынадай анықтама береді – міндеттеменің мәні қандай да болмасын затты біздікі ету емес, немесе сервитутты біздікі ету емес, бірақ басқа тұлғаны біздің алдымызда ол қандай да болмасын затты беру, жасау немесе ұсынуға байланысты байлап қою. Міндеттеме уәкілетті тұлғаның міндетті тұлғаның мүліктік сипаттағы нақты әрекеттерді жасауын талап ету құқығын білдіреді.

Кейіннен міндеттеме екі тұлғаның арасындағы заңи қатынас ретінде қарастырыла бастады. Бұл қатынасқа сәйкес бір тарап несие беруші және ол талап ету құқығына ие, ал, екінші тарап борышқор-бұл несие берушінің пайдасына белгілі бір әрекеттерді жасаушы. Міндеттеме әр кезде де уақытша және ол тоқтатылуға есептелінген.

Міндеттеме контрактіден, деликтіден, квази-контрактіден, квази-деликтіден пайда болады. Контракт дегеніміз – цивильдік құқықпен танылған және талаппен қорғалатын шарт. Деликті құқықбұзушылық, зиян келтіретін тиым салынған әрекет.

Кей жағдайда тұлғаның жасаған әрекеті міндеттеменің пайда болуына әкеліп соқтыратын, бірақ бұл белгілі бір шарттардың бірде-біреуіне сәйкес келмейтін. Осындай ақтаңдақты реттеу үшін міндеттемені пайда болғызатын шартқа ұқсас міндеттеменің пайда болу негізін

карастырды, яғни квази-контрактілерді. Егерде міндеттеме құқықбұзушылық салдарынан пайда болса және бұл құқықбұзушылық бізге белгілі бірде-бір деликтінің қатарына жатпаса, міндеттеме квази-деликтіден пайда болды деп саналды.

Міндеттеме қоғамда абстрактілік нысанға ие және табиғи сипатты қарастырмайды.

Міндеттеменің мазмұны міндетті тұлғаның беру, жасау, ұсынуын міндеттейді және ол рим терминологиясында dare, facere, praestare терминдерімен анықталды.

«Беру» термині – мүлікті беру дегенді білдіреді. Бұл әрекет заттық құқықтарды бір тұлғадан екінші тұлғаға ауыстырумен тығыз байланысты.

«Жасау» – бір тұлғаның екінші тұлғаның пайдасына жасалатын нақты физикалық сипатқа ие және бөлінбейтін кешенді әрекетті жүзеге асыру. «Ұсыну» - материалдық нысандағы, соның ішінде ақшалай сипаттағы төлемді жүргізу, орналастыру.

Міндеттеме мүліктік сипаттағы орындауды болжайды. Міндеттеме институты бірнеше ішкі институттарға ие: міндеттеме түсінігі, орындалу орны және уақыты, міндеттеменің тоқтатылуы және міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері.

Міндеттеменің тараптары кредитор мен дебитор. Кредитор талап ету құқығына ие, ал дебитор беру, жасау немесе ұсынуға міндетті. Кейбір жағдайда бірнеше кредитор мен бірнеше дебитор болуы мүмкін. Егер міндеттемеге бірнеше тарап қатысса жауапкершілік және міндеттеме үлестік немесе ортақтасқан болады. Үлестік жауапкершілік болуы мүмкін, егерде жауапкершілікті борышқорлар жалпы борыштың көлемінде пропорциональды жауап берсе. Ортақтасқан жауапкершілікте борышқорлардың біреуі міндеттеме сомасы көлемінде немесе арнайы бекітілген үлесте басқалар үшін толық жауап береді.

Міндеттеме пәні заттар, ақша, қызмет, жұмыс болуы мүмкін. Заттар топтық белгілерімен немесе жеке белгілерімен анықталған болуы мүмкін.

**Міндеттеме түрлері.** Міндеттеменің бірнеше түрі болды. Бұлар бөлінетін, бөлінбейтін, цивильдік, табиғи, альтернативтік және факультативтік. Жауапкершілік сипатына қарай міндеттеме үлестік және ортақтасқан болуы мүмкін.

Міндеттеме бөлінетін деп танылады, егерде оның пәні оның құндылығын жоғалтпай бөлуге мүмкіндік берсе. Бөлінбейтін міндеттеме

дегеніміз міндеттеме пәні бөлінбейтін міндеттеме. Міндеттемені еріксіз орындау мүмкіндігін қарастыратын міндеттеме цивильдік болып табылады. Табиғи міндеттеме талаппен қорғалмайтын мүліктік сипаттағы қатынас. Альтернативтік міндеттеме дегеніміз борышқордың екі әрекеттің біреуін орындауға тиісті болатын міндеттеме. Егерде шартта өзгеше көзделмесе қай әрекетті орындауды таңдау құқығы міндетті тұлғаға беріледі.

Факультативтік – бұл тиісті міндеттеменің орнына басқа міндеттемені орындау мүмкіндігі. Факультативтік міндеттемеде міндеттеме пәні біреу, бірақ борышқорға жеңілдік беріледі, яғни борышқор міндеттеме пәнінің орнына басқаны ұсына алады.

**Міндеттеменің орындалу орны мен уақыты.** Міндеттеменің орындалу орны дау болған затты бағалауға мүмкіндік береді. Міндеттеменің орындалу орны шартпен анықталады. Егерде міндеттеменің орындалу орны альтернативті түрде көрсетілсе, міндеттемені орындау орнын борышқордың қалауы бойынша анықталады. Ал, егер орындалмаса, орындау орнын таңдау несие берушіге тиесілі. Егер шартта міндеттеменің орындалу орны көрсетілмесе, онда орындалу орны болып берілген міндеттеме бойынша талап қоюға мүмкін болатын орын саналды. Кейде мәміле күрделі болуы да мүмкін. Мысалы, Эфесте он төлеу, немесе Капуда құлды беру. Заңгерлер теңіз саудасы дамыған кезде міндеттеменің орындалу орнын анықтау экономикалық жағдайға, рынок жағдайында анықтау ерекше мәнге ие деп көрсетті:

**Varia sunt pretia rerum per singulas civitates reglonesque, maxime vini olei, frumenti (D. 13.4. 3). – Жекелеген облыстар мен қауымдастықтарда тауарға баға әртүрлі, соның ішінде май мен астыққа.**

Несиенің де бағасы әр жерде әртүрлі болды. Ал, соттың қарау орны тұлғаның қауымдастыққа қатысына байланысты немесе борышқордың тұрған жері бойынша анықталды. Кез келген талап азаматтығына және тұрғылықты жеріне қарамастан Римде қаралатын -Roma communis nostra patria est — Рим біздің ортақ отанымыз (D. 50. 1. 33)- қағида-сымен қаралатын.

Міндеттеменің орындалу орны дау болған заттың құнын анықтау кезінде маңызды болды, себебі заттың құны ақшалай көрсетілетін болды және мұндай жағдайда маңыздысы қай жер бойынша бағалау жүргізу. Бұл сұрақ орны туралы сұрақпен қатар шешіледі, атап айтқанда

келісім жасалған жермен, ал көрсетілмесе талап қойылған жермен анықталды.

Міндеттеменің орындалу уақыты туралы сұрақ шарттың тараптарына байланысты шешілді: міндеттеме орындалу керек тараптардың шартта көрсеткен мерзімінде. Мерзім күнтізбемен анықталады. Кейде мерзім нақты болмауы да мүмкін, яғни оның пайда болу мерзімі белгісіз болатын уақыт.

Міндеттеме бас кезден-ақ тоқтатылуға бағытталған. Міндеттеменің мазмұны және одан тарайтын борышқор мен несие берушінің талаптары уақытша мерзімге негізделген. Міндеттеме тұрақты болуы мүмкін емес.

Міндеттеме тоқтатылады немесе әртүрлі тәсілдермен орны толтырылады. Олардың ішінде негізгісі орындалу (төлем). Міндеттеме тоқтатылады орындалған кезде. (Гай. 3. 168).

Міндеттеменің тоқтатылуы міндеттеменің мазмұнын құрайтын тараптардың міндеттері мен құқықтарының тоқтатылуы.

Міндеттеменің негізгі және қалыпты тоқтатылу тәсілі оның тиісінше орындалуы. Тиісінше орындалу дегеніміз – міндеттемені тиісті борышқордың, міндеттеме мазмұны бойынша, орындалу орнында және мерзімінде орындалуы. Орындау -борышқордың несие берушінің пайдасына одан күтілген әрекеттерді орындауы. Орындау (**solutio**) түсінігі борыш пен жауапкершіліктің бір тұлғада сәйкес келуімен бекітіледі. Solutio, solvege түсінігі рим құқығында эволюция жасады. Міндеттеменің орындалуы және тоқтатылуына қатысты рим юриспруденциясы ортақ термин өндеген жоқ.

Міндеттеме тоқтатылды мындай негіздер бойынша: а) тараптардың қайтыс болуымен, егер міндеттеме жеке тұлғалық сипатта болса тоқтатылды. Ал, егер мүліктік сипатта болса міндеттеме тоқтатылады, егер тараптардың міндеттері мұрагерлікпен өтпесе. б) несие беруші мен борышқордың болашақта екіжақты құқықтар мен міндеттердің болмайтындығы туралы ерікті келісімі бойынша. Бұл жағдай орын алады, егерде келісім шартты жасаған тұлғалардың арасында ғана болатын болса, егерде ол цессия тәртібімен бекітілмеген болса. Үшінші тұлғалардың пайдасына жасалатын міндеттемелерді тоқтату туралы келісуге болмайды; в) несие беруші тарапынан кешіру, яғни мүмкін болатын талаптардан бас тарту арқылы; г) орындалуын талап ету мерзімін өткізіп алу, жалпы талап мерзімінен ұзақ мерзімнен аспайтындай.

**Новация**, бір міндеттемені екінші міндеттемемен ауыстыру. Мысалы, аренда шарты аяқталғанға дейін арендатор жалға алынған мүлікті иелігіне алатындығы туралы тараптар келісімге келеді, яғни аренда шарты сатып алу-сату шартымен ауыстырылады. Жаңаланатын міндеттеме бастапқыдан айырмашылығы болуы керек. Новация екінші стипуляцияда қандай болмасын жаңа болған кезде орын алады.<sup>1</sup> Бұл жаңалау міндеттеменің сипаты ауысқан кезде не несие берушінің тұлғасы ауысқан кезде немесе борышқордың тұлғасы ауысқан кезде болуы мүмкін. Новация стипуляция нысанында жүзеге асырылады. Жаңа элементтерге қатысты новацияның екі түрі болады. Біріншісінде шарттардың тараптары сақталады, бірақ новация арқылы бұрын жоқ элементтер өзгереді. Екінші түрі несие берушінің немесе борышқордың өзгеруімен түсіндіріледі. Борышқорды ауыстыру несие беруші мен жаңа борышқордың арасындағы келісім арқылы жүзеге асырылады. Ал, бұрынғы борышқордың келісімі қажет емес, себебі ол міндеттеме ауыртпалығынан босатылады. Несие берушінің ауысуы жаңа несие беруші мен борышқордың арасындағы келісім арқылы жүргізіледі, нәтижесінде соңғы екеуі шарттың тараптары болады, ал шарт мазмұны өзгермейді. Жаңаланған шарт барлық жарамдылық талаптарына сәйкес келуі тиіс, олай болмаған жағдайда ол жарамсыз.

**Зачет-есепке жатқызу.** Зачет (есепке жатқызу)- бұл бір сипаттағы қарама-қарсы талаптардың өтелуі. Есепке жатқызуды қолдану үшін мына талаптар орындалуы керек:

- талаптар қарама-қарсы болуы керек, яғни несие берушіге борышқор қарама-қарсы талап беруі тиіс;
- талаптар бір топтағы талап болуы;
- екі талап та орындалу мерзімі жеткен немесе талап ету мерзімі жеткен талаптар болуы тиіс.

**Қарызды кешіру.** Бұл несие берушінің борышқорды борыштан босататындығы туралы жариялаған біржақты әрекеті болды. Римде міндеттемеден босатудың тараптардың келісіміне негізделген, міндеттемені тоқтатуды мақсат ететін формальды тәсілдері болды. Несие берушінің міндеттемені орындалғандығын қабылдағаны туралы ауызша формальды өтінімі акцептиляция деп аталды. Акцептиляция формальды сұрақ және жауап жолымен жасалды.

---

<sup>1</sup>Стипуляция дегеніміз болашақ несие берушінің сұрағымен және оған сәйкес келетін тұлғаның жауабымен жасалатын ауызша шарт болып табылады.

**Несие беруші мен борышқордың бір тұлғаға сәйкестендірілуі.** Міндеттеме тоқтатылады, егерде несие беруші мен борышқордың бір тұлғаға сәйкестендірілсе. Бұл жағдай *confusio*- тоғысу, сәйкес келу дегенді білдіреді. Мысалы, мұрагерлік немесе бала ғып асырап алу кезінде.

**Орындау мүмкін еместігі.** Мұндай мүмкін еместік заңи және нақты болуы мүмкін. Нақты мүмкінсіздік-бұл, мысалы, жеке белгілерімен анықталатын зат жойылған кезде болады. Заңи мүмкінсіздік-бұл, мысалы, қандай да болмасын міндеттемені орындауға тиым салу туралы заңның шығуы. Мысалы, егер мен бөтен құлды сатсам, ал ол қожайынымен бостандыққа жіберілген болса, онда мен міндеттемеден босатыламын. (Д.46.3.98.8.)

Шарт – бұл екі немесе одан да көп тараптардың қандай да болмасын міндеттемені бекітуі туралы келісімі. Римде міндеттеменің ең көп кездесетін қайнар көзі шарт (*contractus*) болды. *Contrahere* өзінің тура мағынасы бойынша (*con + trahere* – алу) *obligare*, *adstringere* терминдерінің синонимі. Контракт термині орыстың шарт терминінің синонимі. Бастапқыда ол тек шартқа қатысты ғана емес басқа міндеттемелерге қатысты да қолданылды. 1 и 2 D. 1. 3 фрагменттерді қатар қарастырсақ, біз Папинианның Демосфеннің аудармасына анықтама бере отырып, *contrahuntur* деликті туралы жазады; алдау, қылмыс жасау *fraudem contrahere*, *crimen contrahere* сөздерімен көрсетіледі. Бірте-бірте *contrahere*, *contractus* сөздері жақын сөздер бола бастады және ол міндеттеме ретінде тараптардың келісімі арқылы пайда болатын және талаппен қорғалатын шарт түсінігіне қатысты қолданылды.

Кейіннен римнің құқықты жүйелеушілері жалпы ұғым *conventio* – келісімді қолдана бастады. Бұл мынадай түрлерге бөлінді: а) *contractus* – талаппен қорғалатын шарт, б)  *Pactum*, – келісім, *ex nudo pacto actio* *pop nascitur* (Сентенции Павла, 2. 14. 1) ережесіне сәйкес талап берілмеді.

***Adeo conventionis nomen generale est, ut eleganter dicat Peditius, nullum esse contractum [nullam obligationem]. quae non habeat in se conventionem { D. 2. 14. 1. 3). - «Келісім» атауы жалпы болып табылады және Педий [заңгер 1 э.д.}, айтқандай өзінде келісімі болмаған ешқандай шарт жоқ [ешқандай міндет жоқ}.***

Ульпиан *conventio* сөзін түсіндіре отырып: адамдар әртүрлі жерден бір жерге әртүрлі мақсатпен бірігеді, олар бір нәрсеге келіседі

(in unum consentiunt). Демосфен қалада бекітілген келісім туралы айта отырып, мынадай түсінікті қолданады **he polis eis hen eithe** – *civitas in unum convenit*. Ерте грек ережесі былай дейді: біреу екіншісімен келісті, сондықтан ол заңи күшке ие болу керек (*homologein* буквально — бірдей сөйлеу)<sup>1</sup>.

Кез-келген шартта екі тараптың еркі білдіріледі, сондықтан шарт бұл екі жақты мәміле. Міндеттердің бір тарапқа бекітілуі немесе екі тарапқа да бекітілуіне байланысты мәміле бір жақты немесе екі жақты болуы мүмкін. Мысалы, сатып алу-сату шарты екі жақты шарт, себебі тараптардың екеуінде де міндет те, құқық та бар. Сатушының құқығы сатылған тауарына ақша сомасын алу, сатып алушының сатып алынған тауарды алу. Міндеттері: ақша төлеу, екіншісінікі тауарды беру. Ал, қарыз шарты біржақты. Шарт жарамды деп есептелінеді, егерде шарттың міндетті талаптары сақталса. Бұл талаптарға: шарттың бекітілген нысанын сақтау; ерік пен ерік білдірудің сәйкес келуі; шартта мәнді талаптардың болуы; шарт негізінің болуы. Ерік- тұлғаның шарт жасауға ниеті. Ерік білдіру- еріктің сыртқа шыққан көрінісі. Ерік білдіру ерікке сәйкес келмейді деп есептелінеді, егерде шарт қорқыту, алдау, адастыру негізінде жасалған болса. Бірақ барлық адасудың құқықтық маңызы болған жоқ. Құқықтық адасу мәміле сипатындағы қате, мәміле пәніндегі, міндеттеме мақсатындағы қате. Келісімде тараптардың еркі еркін көрсетілуі тиіс. Кез-келген мәміледе ерік мүлде болмайды, егер мәмілені бала жасаса, ақыл-есі жоқтар жасаса. Сонымен қатар шарт деп танылмайды қалжың салдарынан жасалған мәміле, бүркемелеу мақсатында жасалған мәміле. Бүркемелеу арқылы жасалған мәміле дегеніміз- бір мәміле екінші мәмілені бүркемелеу мақсатында жасалатын болса. Заңды түрде танылған ерік шартта мүлде болмауы мүмкін. Сондықтан шарттың мәнді талаптары деген түсінік болды. Бұл талаптар оларсыз шарт болуы мүмкін емес және жасалмаған деп саналатын талаптар. Кез-келген шарттың өзінің мәнді талаптары бар және оны тараптар оған келісуі керек. Шарт өзінің мақсатына және мазмұнына сәйкес анықталған болуы қажет. Шарт анықталған болуы керек мазмұны бойынша, соның ішінде әрекет және затқа қатысты, сонымен қатар несие берушінің мүддесін көрсетуі тиіс. Шарт құқыққа білетті және азаматтық мәртебесі бар тараптармен жасалған кезде заңды деп саналады. Шарттың пәні заттар, ақша, жұмыс, қызмет болуы мүмкін. Шарттың пәні топтық белгілермен немесе жеке

<sup>1</sup> Римское частное право под ред. И.Б. Новицкого. М., 1997.

белгілермен анықталған зат болуы мүмкін. Жеке белгілерімен анықталған зат жойылған кезде міндеттемені табиғи түрде орындау мүмкін емес болды немесе жойылған затты ауыстыру мүмкін болмайтын. Борышқордың кінәсіз топтық белгілерімен анықталатын зат жойылған кезде міндеттеме тоқтатылмайды, себебі жойылған затты ауыстыру мүмкіндігі сақталды.

Шарттың мәнді талабы мерзім болуы да мүмкін. Мерзім- шарттың әрекет ету немесе тоқтату кезеңін білдіретін уақыт аралығы. Мерзім күнтізбелік, анықталмаған немесе шартты болуы мүмкін.

Шартты мерзім кезінде міндеттеменің пайда болуы немесе тоқтатылуы белгілі бір жағдайларға байланысты. Шартты мерзім пайда болуы кейінге қалдырылатын немесе тоқтатылуы кейінге қалдырылатын мерзім болуы мүмкін.

**Шарттың тараптары.** Шартты жасаушы тұлғалар шарттың тараптары немесе субъектілері деп аталды. Рим құқығы тараптардан шартты тікелей өздерінің жасауын міндеттеді.

Тек кейіннен ғана кейбір шарттар бойынша өкіл арқылы шарт жасау қарастырылды. Шарт тек әрекетқабілетті тұлғалар үшін ғана өз еркімен шарт жасау мүмкіндігін берді. Әрекетқабілетсіз тұлғалар үшін шартты олардың заңды өкілдері жасады. 7 жастан асқан әрекетқабілетсіздер тек өзіне тиесілі мүлік көлемін көбейтуге қатысты ғана мәмілелерді жасай алатын.

Кейбір жағдайда шартқа бірнеше несие берушілер мен борышқорлар қатысатын. Егерде міндеттеме пәні бөлінбейтін болса, одан туындайтын міндеттемені әр қатысушы өзінің үлесіне қатысты орындайтын. Бұл үлестік міндеттеме. Ортақтасқан жауапкершілікте бірнеше субъектінің әрқайсысы міндеттемені тұтас орындайтын болды немесе тұтас талап етуге құқылы болды.

**Шарттарды топтастыру.** Рим құқығы шарттардың төрт түрін таныды: вербальды контракт, литтеральды контракт, реальды контракт және консенсуальды контрактілер. Сонымен қатар аталған топтастырудың біреуіне де жатпайтын шарттар болды. Соған байланысты римдіктер оларды атаусыз контрактілер деп атады. Римде аталған шарттардың ішінде вербальды шарттар ерте кезде пайда болған шарт болып табылады. Вербальды контракт –бұл ауызша контракт және оның жарамдылығы үшін бекітілген тәртіптегі сөздерді айту жеткілікті болды. Вербальды шарттың негізгі түрі стипуляция. Нақты шарттар- тараптардың келісімге келген кезінен емес, затты берген кезден күшіне

енетін шарттар. Нақты шарттар: қарыз шарты, ссуда шарты, сақтау шарты, кепілзат шарты. Консенсуальды шарттар- тараптардың келісімге келген кезінен жасалды деп есептелінетін шарттар. Консенсуальды шарттар: сатып алу-сату, жалдау, тапсырма, серіктестік шарты. Литтеральды шарт дегеніміз жазбаша шарт, оған кіріс-шығыс кітаптары т.б. жатады.

#### **Вербальды контрактілер.**

Вербальды контракт міндеттемені сөз арқылы бекітетін, яғни белгілі фразалар мен формулаларды жеткізу арқылы жасалатын шарттар. Жоғарыда айтқандай ауызша шарттардың негізгісі стипуляция шарты. Стипуляция тек біржақты міндеттемені туындатты, яғни бір тараптың тек құқығы, ал екінші тараптың міндеті болды. Стипуляция кезінде несие беруші борышқордан тек қарыз сомасын талап ете алатын және пайыз не шығынды талап ете алмайтын. Рим жеке құқығының қайнар көздерінде стипуляция кей жағдайда *stips*- монета, от *stipulum*- таяқ, *stipulus* –мықты деген сөздерді білдіретін. Стипуляция –абстракттілі шарт, яғни негізі анық емес. Стипуляция негізге байланысты емес, керісінше бекітілген форманы сақтағанына байланысты.

« Другое дело, - говорит Ульпиан, - если должник *sine verbis adnuisset*», т.е. кивнет утвердительно головой, не произнеся ни слова (Д.45.1.1.2) ; в этом случае стипуляции нет: вербальный контракт не может быть заключен без *verba*. Басқаша айтқанда, егер борышқор *sine verbis adnuisset* басын изесе, ешқандай сөз айтпаса, мұндай жағдайда стипуляция болмайды. Вербальды контракт *verba* арқылы ғана жасалады.

Стипуляция несие берушіге немесе борышқорға басқа да тұлғалардың өз алдына несие беруші немесе борышқор немесе қосымша борышқор не несие беруші қосылуына жол берді. Егер екі немесе одан да көп несие беруші борышқорға бірдей сұрақ қойса ол ортақ жауап қайтарады.

Классикалық кезеңде стипуляциядан пайда болатын міндеттеме тоқтатылды тек сұрақ және жауап нысанындағы символикалық орындау арқылы. Мысалы:- мен саған уәде еткенді алдың ба?- Алдым.

Классикалық кезеңнен кейін стипуляция жазбаша құжат болады, яғни оны құрастыру (жазу) міндеттеменің пайда болуы үшін мәнді. Стипуляцияға қажетті талап болып шартты жасау кезінде тараптардың қатысуы болып қала берді.

Стипуляциядан басқа вербальды контрактінің жекелеген түрлері-

не: қалыңдықтан, оның туысқандарынан немесе борышқорларынан некеге тұратын ер адамға жасау беру туралы уәде, сонымен қатар еркіне жіберілген тұлғаның өз патронына адал қызмет көрсетуі, өзіне берілген міндеттерді адал орындауы туралы анты. Еркіне жіберілген тұлға тарапынан патронға жасалатын қызмет көрсету туралы заңи сипатқа ие болды, егер ол арнайы міндеттемені ант ретінде қабылдаса.

Консенсуальды шарттың бір түрі болып табылатын сатып алу-сату шарты бойынша сатушы тауарды сатып алушының меншігіне беруге міндеттенеді, ал сатып алушы тауарды қабылдап алып сатушыға бекітілген ақшаны төлеуге міндеттенеді. Сатып алу-сату шартының негізгі шаруашылық мақсаты- сатып алушының өзінің шаруашылығына қажетті тауарын алуы.

Сатып алу-сату нәтижесінде шаруашылық пайданы екі тарап та алады, сондықтан бұл екі жақты шарт және екі тараптың да қарама-қарсы талаптары болады.

Сатып алу-сату шартының мәнді талабы шарттың пәні мен бағасы. Шарттың пәні азаматтық айналымнан алынып тасталмаған денелік және денелік емес заттар. Сатып алу-сату шартының пәні жекеленген зат ретінде болуы қажет. Топтық белгілерімен анықталатын заттар сатып алу-сату шарты бойынша иеліктен шығарылмайды. Ульпианның айтуы бойынша бөтен біреудің затын да сату мүмкіндігіне күмән болмауы тиіс. (Д.18.1.28.).

Айырбас шаруашылығының дамуына байланысты болашақтағы заттарды да сату-сатып алу қажеттілігі кездесіп отырды. Шарттың пәні сонымен қатар денелік емес заттар болуы мүмкін. Мысалы, талап ету құқығы.

Сатып алу-сату шартының бағасы тек ақшалай түрде көрсетілуі керек. Егер зат түрінде көрсетілсе айырбас шарты болады. Баға туралы келісім мәміленің жасалғандығының құқықтық аяқталуы болып саналды. Бағаны үшінші тұлғалардың белгілеуі заңды деп саналды. Тараптар сонымен қатар кепілпұл туралы келісімге келе алатын. Мұндай жағдайда сатып алу-сату шарты кепілпұлды төлеген кезден бастап шарт жасалды деп саналды. Егер шартта ақысын төлеу мерзімі көрсетілмесе, қарама-қарсы орындау болжанады: ақшаны төлеу және тауарды беру.

Сатып алу-сату өзінің юридикалық құрылымы бойынша екі сатыға бөлінеді: шарт туралы келісім және шартты орындау. Шарт сатылары уақыты бойынша сәйкес келуі мүмкін, бірақ маңызды аралық

мерзіммен бөлінуі мүмкін. Сондықтан шарт орындалғанға дейін оны екі жақтың келісімімен бұзуға болады.

**Сатып алу-сату шартының тараптарының міндеттері.** Сатушы сатып алушыны эвикциядан сақтандыруы қажет, яғни сатып алушыға тауарды үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос түрде беруі тиіс; сапалы тауарды беруге немесе тауардың кемшілігі туралы ескертіп беруге міндетті. Эвикция- нақты меншік иесінің немесе ұстаушының мүлікті қайтару туралы талап етуі. Нәтижесінде сатып алушы сатып алынған заттына меншік құқығын жоғалтады. Эвикция кезінде сатушы сатып алушы жағында іске қатысуы тиіс және оны эвикциядан қорғауға міндетті. Егерде сатып алушының кінәсінен затқа меншік құқығы жоғалтылса, эвикция негізінде талап қойылмайтын.

Сатып алушының заттың сапасына байланысты міндеттерін орындамауы, сатып алушыға шартты бұзу және ақшасын қайтарып алу құқығы, яғни реституция берілді. Бұл талапты мәміле жасалған кезден бастап алты айдың ішінде қоюға болатын. Сатып алушы сонымен қатар сатып алынған бағаның тауардың нақты бағасына сай келмейтін бағамен сатып алған жағдайда бір жылдың ішінде бағасын төмендету туралы талап қоя алатын.

Ал сатып алушы тауарды мерзімінде қабылдап алып және тауар құнын төлеуге міндетті. Сатып алушы тауар құнын төлеуге міндетті, егер тауар сатып алушыға берілгенге дейін кездейсоқ жойылған күннің өзінде. Бұл рим құқығы бойынша сатылған мүліктің кездейсоқ жойылу және бүліну қауіпі сатып алушыда болады деген ережемен реттелді.

**Консенсуальды шарттардың өзге де түрлері.** Консенсуальды шарттарға сонымен қатар жалдау, тапсырма, серіктестік шарты жатады. Жалдаудың үш түрі белгілі болды: заттарды жалдау, қызметті жалдау, жұмысты жалдау немесе мердігерлік. Жалдау шарты бойынша жалға беруші қандай болмасын затты жалға алушыға уақытша пайдалануға беруге міндеттенеді, ал жалға алушы затты қабылдап ақысын төлеуге және мерзімі аяқталған кезде затты қайтаруға міндеттенеді. Жалдау пәні қозғалатын және қозғалмайтын заттар болуы мүмкін. Заттарды жалдау шарты консенсуальды. Жалдау шартының пәні тек тұтынылмайтын заттар ғана болады. Жалға беруші затты уақытында беруге міндетті болды және шартқа сәйкес беру. Ол затты пайдалануға жарамды түрде беруге міндетті және қажет жағдайда жөндеуге міндетті. Мүліктің кездейсоқ жойылу қауіпі жалға берушіде болды. Жалға алушы затты қосымша жалға беруге құқылы болды.

Қызметті жалдау шарты – бұл бір тарап жалға алушының пайдасына қандай да болмасын қызметті орындауға, ал жалға алушы қызмет үшін ақы төлеуге міндетті болатын консенсуальды контракт. Ал, мердігерлік шарты бойынша мердігер тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты орындауға, ал тапсырыс беруші жұмыс нәтижесін қабылдап алып ақысын төлеуге міндетті болды. Оның пәні жеке анықталған заттарды дайындау немесе өңдеу. Жұмыстың кездейсоқ жойылу қауіпі оны тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін мердігерде, ал тапсырғаннан кейін тапсырыс берушіде болады.

Тапсырма шарты- дегеніміз сенім беруші сенім алушыға қандай да болмасын әрекетті сенім берушінің пайдасына ақысыз орындауын қабылдауы туралы консенсуальды шарт. Шарттың пәні заңи және нақты сипаттағы әрекет. Сенім алушы сенім берушінің берген тапсырмасын толық және шартқа сәйкес орындауға міндетті. Сенім алушы тапсырма мазмұнынан ауытқамауы тиіс, ол сенім берушінің алдында жеңіл салақтық үшін де жауап береді және шарт аяқталған кезде есеп беруге міндетті. Тапсырманы орындауға байланысты шығындарды сенім білдіруші көтерді.

Серіктестік шарты бойынша екі немесе одан да көп тұлға өздерінің мүліктік салымдарын немесе құқыққа қайшы емес жеке қызметтерін ортақ шаруашылық мақсатқа біріктіреді. Рим құқығы бойынша серіктестіктің төрт түрі белгілі болды: а) отбасы мүшелерінде пайда болатын барлық мүліктердің серіктестігі; б) оның мүшелерінің мүліктерінің кейбір бөлігін біріктірген, сонымен қатар серіктестіктің сәйкес қызметінен пайда болатын болашақ иелікке алынатын кірістерді біріктірген кіріс серіктестіктері; в) серіктестік мақсатына қажетті, сонымен қатар оны жүзеге асырған кезде алынатын қандай да болмасын бір істің серіктестігі- бірлескен қызмет нысаны ; г) бір заттың немес бір істің серіктестігі. Серіктестік тоқтатылады ортақ мақсатқа жеткен кезде немесе қандай да болмасын бір серіктестің шартқа қатысуға бас тартуы негізінде. Серіктестік шартының тоқтатылу негізі сонымен қатар серіктестің біреуінің төлем қабілетсіздігі және қайтыс болуы.

**Қарыз шарты.** Қарыз шарты- қарыз беруші қарыз алушының меншігіне топтық белгілерімен анықталатын затты немес ақшаны беруі туралы, ал қарыз алушының мерзімі жеткен кезде сондай затты немес ақшаны қайтаруы туралы нақты шарт. Қарыз шартының мәні бір тараптың екінші тарапқа затты меншікке беруі.

(1) Mutuum damus recepturi поп eandem speciem quam dedimus (alloquin с ommodatum erit aut depositum), sed idem genus, velut ut pro tritico vinum recipiamus, non erit mutuum (D. 12. 1. 2. pr.),-(1) Біз қарызға береміз, сол species-ті қайта алу үшін, яғни қандай затты берсек сондай затты қайтарып алу. Егер басқа затты қайтаратын болса, ол қарыз емес. Мысалы астық орнына вино қайтарса.

Қарыз біржақты, ақысыз міндеттеме деп саналды. Валютаны кездесек жою қауіпі жалпы ереже бойынша борышқорға оның кінәсінің нысанына қарамастан жүктелді. Қарыз шартын сипаттайтын белгілер:

- Нақты шарт (затты алған кезден күшіне енеді),
- Заттар меншік құқығына беріледі,
- Алушы тура сондай затты қайтаруға міндетті.
- Заттың кездейсоқ жойылу қауіпі алушыда.
- Міндеттеме біржақты.

Рим құқығы пайыздың жоғарғы мөлшерін шектеді. Классикалық құқықта пайыздың жоғарғы мөлшері айына 1 пайыздан аспауы тиіс болды, ал Юстиниан құқығында жылына- 6 пайыздан аспайтын.

**Ссуда шарты** (commodatum) бойынша бір тарап (commodans, ссуда беруші) екінші тарапқа (ссуда алушыға, commodatarius) жеке анықталған затты уақытша ақысыз пайдалануға береді, ал екінші тарап пайдалану мерзімі аяқталған кезде сол затты сақталған күйінде және тұтастай қайтаруға міндеттенеді. Шарт субъектілері – коммодант және коммодотарий. Берілген затқа меншік құқығы коммодантта сақталады, ал екінші тарап тек ұстаушы, ол мүлікті ақысыз пайдаланады және оны меншік иесіне қайтарады. Ссуда шартының белгілері:

- Ссуда шарты- нақты шарт, яғни міндеттеме пайда болады мүлікті нақты пайдалануға берген кезден бастап;
- Шарт пәні-тек жеке белгілерімен анықталған заттар;
- Заттар меншік құқығына емес, уақытша пайдалануға берілді;
- Ссуда ақысыз шарт;

· Мүліктің кездейсоқ жойылу қауіпі меншік иесі болғандықтан ссуда берушіде болды. Мерзім мәнді талапқа жатпайды, сондықтан шарт нақты мерзімге жасалуы мүмкін немесе мерзімі белгіленбеуі мүмкін. Мерзімсіз шартта ссуда беруші затты қайтару туралы талап ете алады кез келген уақытта. Ссуда шартында несие беруші заттың сапасы туралы ерекше қамқорлықты қабылдау міндеттемесін мойнына алмады, зат тек шаруашылық функциясын орындауы қажет болды, бұл бір жағына шарттың ақысыз болуына да байланысты болды.

**Прекарий.** Ссуды шарты ерекше қатынас болып табылатын *precarium* (прекарий) деп аталатын шарттан айырмашылығы болды. Олардың, яғни екі нысан — *commodatum* и *precarium* айырмашылығы мынада: а) екі шартта мүліктік игіліктерді бір тұлғаның екінші тұлғаға пайдалануға беруі, б) *commodatum* кезінде және *precarium* кезінде де зат ақысыз берілді.

Ал, айырмашылығы ссуды шарты пайдалану мерзімі көрсетілмеген кезде жарамсыз болмады. Ал, *precarium* мүлікті талап еткенге дейінгі мерзімді көздеді. Ульпиан бұл мәмілені былайша анықтайды: «*Precarium est, quod precibus petenti utendum conceditur tamdiu, quamdiu is qui concessit patitur*», яғни *precarium* тұлғаның сұрауы пайдалануға берген тұлғаның шыдамы жеткенге дейін мүлікті пайдалану. (D 43, 26. 1. pr.).

Кейіннен прекарий ерекше шарт болды және прекарист абайсыз кінә болған кезде де жауап берді.

**Сақтау шарты.** Сақтау шарты – бұл сақтаушы сақтауға беруші тұлға берген жеке белгілерімен анықталатын затты сақтауға қабылдап алатын және сақтау мерзімі жеткен кезде затты сақтаулы күйінде қайтаруға міндетті болатын нақты контракт.

Сақтаушы заттың сақталуын шартта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін қамтамасыз етуге және мерзімінде қайтаруға міндетті болды. Сақтаушы қасақана және қатаң салақтық үшін ғана жауап берді. Егерде сақтаушы сақтауға берген тұлғаның келісімінсіз затты пайдаланса, кейінгі тұлға тікелей сақтау бойынша талап қоя алатын. Сақтауға беруші өз затының сақтаушыға зиян келтірмеуін қамтамасыз етуге және заттың құрылымы туралы ескертуге міндетті болды. Ерекше ереже сақтаудың үш түрі бойынша белгіленді. олар: қажетті сақтау, иррегулярлық сақтау, секвестор. Қажетті сақтау сақтауға беруші тез арада өз затын үшінші тұлғаға сақтауға беруі қажетті болған жағдайда пайда болды.

Иррегулярлық сақтау- бұл топтық белгілерімен анықталатын заттарды сақтауға беру.

Секвестор- сақтаудың ерекше түрі. Бұл шарт бойынша дау болған затты үшінші тұлғаның дау аяқталғанға дейін сақтауы.

**Заклад (кепілзат) шарты.** Егерде кепіл затты берумен жүзеге асырылатын болса, онда тараптар арасында кепіл қатынастарынан басқа шарт сипатындағы қатынас та бекітілді. Кепілзаттың ерте кездегі нысаны фидуция болды. Фидуция бойынша кепілге салынған мүлік не-

сие берушінің меншігіне өтті және несие берушіде борышқор міндеттемені орындаған кезде тек затты қайтарудың моральдық міндеті болды.

Пигнус нысанындағы кепілде зат меншік құқығына берілмеді, зат тек кепілұстаушыға иеленуге ғана берілді. Борышқор затты қайтаруға құқығы болды.

### Негізгі терминдер:

Obligatio – міндеттеме  
Obligatio naturalis – табиғи міндеттеме  
Obligatio tollitur – міндеттеме тоқтатылады  
Obligatio exstinguitur – міндеттеме өтеледі  
Datio in solutum – міндеттеменің орындалуын ауыстыру  
Depositio – сақтау, сақтауға міндеттеменің орындалу затын енгізу  
Compensatio – зачет-есепке жатқызу  
Confusio – несие беруші мен борышқордың бір тұлғаға айналуы  
Remissio debiti – борыштан босату  
Novatio – міндеттемені жаңалау, новация  
Delegatio – міндеттемені субъектілерді ауыстыру арқылы жаңарту  
Cessio – цессия, алғашқы міндеттемені бұзбай несие берушіні өзгерту  
Expromissio – борышқордың тұлғасын өзгерту  
Arra – кепілпұл  
Stipulatio poenae – тұрақсыздық төлемі  
Aprromissio – кепілболушылық  
Pignus, fiducia, hypothecam – кепіл түрі  
Culpa – кінә, салақтық  
Dolus – қасақана  
Causa – оқиға  
Contractus – талаппен қорғалатын шарт  
Conventio – келісім  
Pactum – талап берілмейтін келісім  
Dianoia – ниет  
Contractus purus – мерзімсіз, талапсыз таза шарт  
Quasi ex contractu – квази-контракт  
Verbis obligatio – ауызша (вербальды) контракт  
Contractus litteralis – жазбаша шарт (литтеральды)  
Delicta – деликт (құқықбұзушылық)

Delicta publica – жария делик  
Delicta privata – жеке деликт  
Furtum – меншікке қарсы деликт (ұрлық)  
Quasi ex delicto – квази-деликт

### Сұрақтар мен казустар:

1. Міндеттеменің пайда болу негізі болып не табылады?
2. Альтернативті міндеттемеден факультативті міндеттеменің айырмашылығы неде?
3. С.С., басқа шет мемлекетке кетуіне байланысты өзінің досына малын тастап кетті. Қайтадан келген кезінде жер сілкінісі салдарынан малының өліп қалғандығын білді. Бірақ бұған қарамастан ол досынан малының ақшасын қайтаруды талап етті. Бұны ол досында малының барлығымен және малының өлуіне досы кінәлі деп есептейтіндігімен түсіндірді. Заң кімнің құқы қорғайды?
4. Несие беруші кепілге А.А-ң иениесін алады. Шартта көрсетілген мерзім өткен соң А.А. несие берушіге қарызын қайтармайды. Борышқорды үш рет ескерткеніне қарамастан ол қарызды қайтармағандықтан А.А.-ң иениесін несие беруші сатады. Сатқан кезде несие берушіде міндеттеменің орындалмағандығы үшін алынатын қарыздан артық ақша қалғандығын білген борышқор несие берушіден соны талап етеді? Борышқордыкі заңды ма? Иение кепілге салынғандықтан ол оның меншігі еместігіне байланысты, сатудан қалған ақша да оған тиесілі емес пе?
5. Н.Н. көп мөлшердегі ақшаны қарызға алады да шет елге кетіп қалады. Қарызды қайтару мерзімі жеткен кезде Н.Н. жолға шығады, жолда оған тонаушылар кездесіп, несие берушіге қайтаруға тиісті бар ақшасын тартып алады. Несие берушіге келген Н.Н. болған оқиғаны түсіндіріп, несие беруші оның қарызын кешіреді деп үміттенеді. Бірақ несие беруші оны тыңдағысы да келмей ақшаны қайтаруды талап етеді. Заң кімнің жағында? Несие беруші ақшасын ала ала ма немесе ала алмай ма?
6. Құл өзінің көршісінен қой ұрлап алып, оны сатып жібереді. Малының жоғалғаны туралы білген көршісі ұрыға талап қояды және ұрланған қойдың нақты ақшасынан 4 есе ақша көлемінде қайтаруды талап етеді. Қойды ұрланаған құл сондай қой сатып алуға болатын ақша мөлшерін ғана қайтарады. Бұл аквилли заңында қалай шешілді?

7. М.М. өзінің көршісінен 15 құлды алдын ала ақысын төлеп алады. Бір ай өткен соң М.М. құлдарды қайтарғысы келеді, бірақ көршісі отбасымен шет мемлекетке кетуіне байланысты үйінде болмайды. Демалыстан келгеннен кейін көршісіне құлдар қайтарылады. Сонымен қатар М.М. көршісінен құлдарға жұмсаған тамағының ақшасын және тұрғын жай үшін ақшасын төлеуді талап етеді. М.М. мұндай талап қоя ала ма? Көршісі бұл туралы алдын-ала келіспегендігін басшылыққа ала отырып, ақшаны қайтарудан бас тарта ала ма?

8. Егер шартта ол туралы көрсетілмесе, міндеттеме қай жерде орындалды?

9. Д.Д. шеберхананы өртеп жібереді, бірақ міндеттемені орныда уақыты өткенімен ол иесіне келтірілген залал үшін нақты ақша сомасын төлеуге міндетті болады. Шеберхана иесі келтірілген залар үшін пайыз өндіру туралы талап ете ала ма және қандай мөлшерде? Рим құқығында бұл сұрақ қалай шешілді.

10. Міндеттемені орындау бойынша борышқор үй салуға міндетті болады. Бірақ борышқор кенеттен ауырып, қайтыс болады. Бөлінбейтін міндеттеменің орындалуын кімнен талап ете алады және бұл талап заңды ма?

11. Борышқорда бірнеше құл болады және оның біреуін міндеттемені орындау үшін ол несие берушіге беруге тиісті болатын. Құлды таңдау құқығы кімге беріледі, егер бұл туралы мәміледе көрсетілмесе?

12. Үш ағайында үй салу үшін қарызға көп мөлшерде ақша алады, бірақ олар үй салмай тұрып екі ағасы ақшаны алып қашып кетеді. Несие беруші үшінші ағасынан толық көлемде ақшаны қайтару туралы талап ете алады ма? Борышқор ақшаны тек бір өзі ғана алмағанын басшылыққа ала отырып, міндеттемені орындаудан бас тарта алады ма?

13. Кепіл ұстаушыға кепілге жылқы беріледі және оны ол өз еркімен пайдалана бастайды. Ол затты пайдалануға құқылы ма?

14. А.А. Б.Б.-дан құл сатып алу үшін қарыз алады. Бірақ мерзімі жеткен кезде қайтаратын ақшасы болмайды да ол ақшаның орнын жерін беру туралы шешімге келеді. А.А. бұлай етуге құқы бар ма? Б.Б. жердің орнын ақшасын қайтару туралы талап етуге құқылы ма?

15. А.А. Б.Б.-дан белгісіз мерзімге қой алады? Бірақ А.А.-да қайтаруға қой болмайды да оның орнына В.В. несие берушіге қарызды қайтарады. Қарызды кімнің бергені мәнді ме? Несие беруші А.А.-дан қарызды қайтару туралы талап ете алады ма?

16. А.А. Б.Б-ны үй салуға жалдайды және оған ақысын төлейді. Бірақ оқыста Б.Б. қайтыс болады. Несие берушіге кім ақшасын қайтарады? Б.Б.-ң туысқаны оның орнына үй салуға құқылы ма? А.А. тұрақсыздық төлемін талап ете алады ма?

17. Бірақ Б.Б. құлдың ауру екенін ескертпейді. А.А. ақшасын кері қайтарып алу туралы немесе құнын кеміту туралы талап ете ала ма? Ауру көзге көрінетін немесе көрінбейтін кемшілік бола ала ма?

18. Екі айлық бұзау тайынша ретінде сатылады. Бұл мәміленің күші бар ма?

19. А.А. өзінің алыс туысқанының баласы болып келетін Н.Н.-ды кәмелеттік жасқа толғанға дейін белгілі бір ақша сомасының көлемінде асырау туралы міндеттенеді. Н.Н. кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оны туыстары алып кетеді. А.А. туыстарынан Н.Н.-ға бірнеше айға артық кеткен ақшаны қайтару туралы талап ете ала ма?

20. Н.Н.-ң малы тұрған А.А.-ң сарайы жер сілкінісінің салдарынан бұзылды және нәтижесінде екі сиыры өліп қалады. Н.Н. залады өтеу туралы талап ете ала ма?

21. 25-ке толмаған тұлғалардың жасаған мәмілелерінің ерекшеліктері неде?

22. Міндеттеменің мазмұны, міндеттеме түрлері, шарттардың топтастырылуы туралы рим заңгерлерінің бірнеше пікірлерін көрсетіңіз.

23. Custodia и vis maior-ң құқықтық режимінің ерекшелігі неде?

24. Егерде зат бірнеше тұлғаға сақтауға қалдырылса кімге талап қоюға болады?

25. Жалдау, қызмет көрсету, мердігерлік шарттарының ерекшеліктерін көрсетіңіз.

26. Рим құқығында қарыз беруші мен қарыз алушының арасындағы қатынастың жазбаша бекітілуі болды ма?

27. Вербальды контрактілердің кемшіліктерін көрсетіңіз?

28. Литтералды контрактілерді бекіту міндетті кімге жүктелді және қай жерде?

29. Атаусыз контрактілерді атаңыз және сипаттаңыз. Олар неге мұндай атауға ие болды?

30. Аквилли заңдары бойынша кінәлі тұлғалардың жауапкершілігінің мазмұнын және сипатын анықтаңыз.

31. Квази-деликтіден пайда болатын міндеттемелерге мысал келтіріңіз.

32. Қай шарттың пәні топтық белгілерімен анықталатын заттар болады?

33. Ссуда шартында мүліктің кездейсоқ жойылуы кімде болады?

34. Стипуляция қалай жасалады?

35. Патронда тамаша имение болады. Патрон оны балаларына қалдыруды армандайды, бірақ патронның балалары болмағандықтан ол оны өзінің бостандыққа жіберген адал сенімді құлына тастау туралы шешімге келеді. Сол себепті олар имениені құлға сыйға беруге байланысты шарт жасайды. Кейін патрон әйелінің жүкті екенін біледі. Сол кезде ол әйелінің жүкті екендігін білмегендігін және имениені қайтару туралы талап етеді. Істі қадлай шешуге болады. Бостандыққа жіберілген тұлға шарт екі жақты келісім арқылы жасалды, сондықтан оны қатаң сақтау керек дегенді басшылыққа алып, имениені қайтарудан бас тарта ала ма?

36. Л.Л. өзінің досына бірнеше малды 1000 ассаға сатуға тапсырма берді. Досы малдарды 1500 ассадан сатады. Мұны білген малдың иесі қуанып кетеді және досы 1500 ассаны толық береді деп ойлайды. Бірақ досы оған тек 1000 асса береді. Малдың иесі сатқаннан түскен барлық ассаны талап ете алады ма?

37. Сатушы құлды сатқан кезде құлдың өте еңбекқор екендігін айтты. Бірақ құл ондай болмады. Сатып алушы құл күні-түні жұмыстан қолын алмайды деп сенді. Құлдың еңбекқорлығына көңілі толмаған сатып алушы сатушыға талап қояды. Талапта сатып алушы сатушы құл еңбекқор деп алдағаны туралы көрсетті. Талаптың күші бар ма?

38. Ссуда беруші өзінің қожайынына пайдалануға ауру қойын береді. Кейін ол қой қожайынның барлық атарын ауыртады. Кейіннен ссуда берушінің қойдың ауру екенін білгендігі белгілі болады. Қожайын заладың орнын толтыру туралы талап ете ала ма?

39. Ссуда беруші ссуда алушының пайдалануына өзінің атын ссуда алушы баласын атқа мініп үйрету үшін береді. Бірақ ссуда алушы өз жоспарын өзгертіп сол атпен өзі жорыққа шығып кетеді. Жолда қарақшылар шабуыл жасап, атты алып алады. Ссуда алушы ссуда берушінің алдында жауап бере ме?

40. Бір айдың ішінде сен маған 2000 ассаны қайтаруға міндеттесің бе? Төменде көрсетілген мысалдардың ішінде стипуляция жоқ:

- Борышқор бірден: «Иә» деп жауап берді;
- Борышқор басын изеді;
- жауабы: «неге қайтармасқа »;

- бірден: «міндеттенемін» деп жауап берді.

41. А.А. Б.Б-мен сатып алу-сату шартын жасайды. Бірақ олар заттың бағасын көрсетуді ұмытып кетеді. Бұл шарт жарамсыз деп саналады ма?

42. Жалға алушы А.А.-дан үйді жалға алады, бірақ пайдаланғаны үшін ақы төлемеуден бас тартады. Сонымен қатар жалға алушы үйдің жағдайын нашарлатып жібереді. А.А. залады өтеу туралы талап қоя ала ма?

43. А.А. В.В.-дан жайылымға мал алады. А.А. көрсетілген мерзімде тиісті жағдайда малды қайтаратындығы туралы міндеттенді. Біраз уақыт өткен соң малға қасқыр шауып В.В.-ң екі қойын жеп кетеді. А.А. қойлардың өлуіне кінәсінің жоқ екендігін және өлген қойларды төлемейтіндігі туралы ескертті. Істі қалай шешуге болады?

44. Екі азамат сатып алу-сату шартын жасады. 6 ай өткен соң сатып алушы сатып алынған затта көрінбейтін кемшілік бар екенін анықтады. Сатып алушы шартты бұзу туралы талап қоя ала ма?

#### **Дайындалуға арналған тестер:**

1. Борышқорлар жаупаркершілігі жалпы қарыздың бірдей бөлігімен пропорционалды жауап беретін міндеттеме қалай аталады?

- ортақтасқан
- үлестік
- табиғи
- бөлінетін
- факультативтік.

2. Борышқордың екі әрекеттің біреуін жасауға міндетті болатын міндеттеме қалай аталады?

- факультативтік
- альтернативтік
- топтық
- табиғи
- цивильдік.

3. dare бұл-

- беру
- жасау
- ұсыну

- сатып алу
  - сату.
4. Заттарды беруді бекітетін міндеттеме-бұл
- Нақты контракт
  - консенсуальды контракт
  - вербальды контракт
  - литтеральды контракт
  - пакт.
5. Әрекет етуі болашақтағы белгісіз оқиғаға байланысты болатын шарт қалай аталады?
- шартты
  - абстрактілі
  - ерікті
  - екіжақты
  - каузальды.
6. Болашақ несие берушінің сұрағымен және борышқор болуға келісімі бар тұлғаның осы сұраққа сәйкес келетін жауабымен жасалатын ауызша шарт-бұл
- Стипуляция
  - Сатып алу-сату
  - Айырбас
  - Аренда
  - Мердігерлік.
7. Қандай шарт консенсуальды шартқа жатпайды?
- заем шарты
  - сатып алу-сату
  - тапсырма
  - серіктестік
  - мердігерлік.
8. Сатып алу-сату шартының пәні не бола алмайды?
- Азаматтық айналымнан алынып қалған заттар
  - Болашақта пайда болатын заттар
  - Материалдық емес заттар
  - Денелік
  - Қозғалмайтын.
9. Қандай шартта тараптар сенім алушы және сенім білдіруші деп аталады?
- Тапсырма шартында

- Сатып алу-сатуда
  - Мердігерлікте
  - Арендада
  - Сыйға тартуда.
10. Қай шарт нақты шарт болмайды?
- Тапсырма
  - Ссуда
  - Заем
  - Заклад
  - Секвестор.
2. Бір тұлғаның екінші тұлғаға мүлікті ақысыз мерзімін көрсетпей пайдалануға беруі- бұл
- Прекарий
  - Заем
  - Секвестор
  - Сақтау
  - Пигнус.
3. Топтық белгілерімен анықталатын заттарды сақтауға беру-бұл
- Иррегулярлық сақтау
  - Әдеттегі сақтау
  - Секвестор
  - Қажетті сақтау
  - Тапсырма

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Рим жеке құқығының түсінігі және маңызы.
2. Жария және жеке құқық айырмашылығы.
3. Рим жеке құқығының кезеңдері.
4. Рим жеке құқығының жүйесі. Рим жеке құқығының жүйесін қалыптастыру қағидалары.
5. Рим жеке құқығының рецепциясы.
6. Рим құқығының қайнар көздері, түсінігі, түрлері.
7. Рим құқығының қайнар көздерін топтастырылуы.
8. Әдет-ғұрып құқығы. 12 кесте заңдары.
9. Заң: түсінігі, түрлері, құрылымы.
10. Магистр эдиктілерінің түсінігі және мәні.
11. Сенатуконсульттар, император конституциялары.

12. Рим заңгерлерінің қызметі.
13. Юстиниан Кодификациясы. Рим құқығының ескерткіштері.
14. Құқықты жүзеге асыру түсінігі. Құқықты жүзеге асыру шеңбері.
15. Құқықты қорғау. өзін-өзі қорғау. Құқықты мемлекеттік қорғау.
16. Преторлар мен судьялардың қызметі. Судьялардың алқалық және жеке дара қатысуы.
17. Рим құқығындағы талаптар жүйесі. Талаптардың түсінігі және топтастырылуы.
18. Азаматтық процесс. Азаматтық процесстің даму кезеңдері.
19. Легисакциондық, формулярлық, экстраординарлық процесстер, түсінігі, ерекше белгілері.
20. Азаматтық процесс сатылары – *in iure* и *in iudicio*. Реституция. Интердиктік және когнициондық өндіріс.
21. Рим жеке құқығындағы мерзімдердің маңызы және түрлері. Ескіру көнелілігі.
22. Рим жеке құқығындағы тұлғалар категориясы, түсінігі. Тұлғалар, олардың құқықтық жағдайы.
23. Құқыққабилеттілік, түсінігі, құрамдас элементтері. Рим жеке құқығындағы әрекетқабилеттілік. *Status libertatis, status civitatus, status familias*.
24. Жеке тұлғалар категориясы. Рим азаматтарының, перегриндардың, латиндардың, құлдардың, колондардың құқықтық жағдайы.
25. Заңды тұлғалар теориясы. Ерте Римдегі заңды тұлғаларды сипаттайтын белгілер.
26. Рим отбасы. *Patria potestas, patres familias*. Агнаттық және когнаттық туыстық.
27. Неке, түсінігі, түрлері. Заңды және заңсыз неке. *Cume manu* және *sine manu*, конкубинат институты.
28. Жұбайлардың жеке және мүліктік қатынастары.
29. *Dos*. Некенің тоқтатылуы. Некеге екінші рет тұру.
30. Балалары мен ата-аналарының өзара қатынастары. Шешесі мен балаларының *cume manu* және *sine manu* некелеріндегі өзара қатынасы.
31. Әкесі мен балаларының арасындағы қатынас. Әкесінің *patria potestas*-ы және *patria potestas*-? шектелуі. *Patria potestas*-н тоқтатылуы.
32. Заңдандыру және бала асырап алу. Заңдандыру тәсілдері. *Adoptio, arrogatio*.

33. Қамқоршылық және қорғаншылық. Қамқоршы мен қорғаншы қызметтеріндегі айырмашылық.
34. Заттардың түсінігі. Заттарды топтастыру.
35. Иелену түсінігі. Иеленутүрлері: цивильдік және преторлық, заңдық және заңсыз, адал және адал емес.
36. Иеленудің пайда болуы және тоқтатылуы
37. Иеленуді қорғау. Интердикті түрлері.
38. Меншік құқығының түсінігі. Меншік құқығын шектеу.
39. Меншік құқығының түрлері: квинтиттік және бонитарлық, цивильдік және преторлық, италиялық және провинциальдық.
40. Меншік құқығына ие болу.
41. Меншік құқығын қорғау. Виндикациялық және негаторлық талаптар. Меншік құқығын жоғалту.
42. Бөтен біреудің затына құқық. Сервитут, түсінігі, түрлері.
43. Сервитутқа ие болу және оны жоғалту негіздері. Сервитуттарды қорғау.
44. Эмфитевзис және суперфиции.
45. Кепіл түсінігі, нысаны.
46. Мұрагерлік түсінігі. Әмбебап мұрагерлік және сингулярлық құқыққабылдаушылық. Қажетті мұрагерлік.
47. Мұрагерлік құқық, түсінігі, дамуы, кезеңдері, рим жеке құқығының басқа институттарымен байланысы.
48. Өсиет бойынша мұрагерлік.
49. Өсиет түсінігі. өсиет жасау нысаны: *testamentum comitiis calatis*, *testamentum in procinctu*, использование *mancipatio* (ауызша және жазбаша)
50. Заң бойынша мұрагерлік.
51. 12 кесте заңдары бойынша мұрагерлердің кезегі. Преторлық эдикт бойынша мұрагерлердің кезегі. Юстиниан реформалары бойынша мұрагерлердің кезегі
52. Қажетті мұрагерлік. Мұрагерліктің ашылуы және қабылдап алу. Өсиеттен бас тарту. Легат және фидейкомистер.
53. Міндеттеменің түсінігі. Міндеттеменің пайда болуы.
54. Міндеттемені топтастыру. Міндеттемедегі көп жақтылық.
55. Міндеттемені орындау. Міндеттемені орындау орынын анықтау, маңызы, тәсілі.
56. Мерзімін өткізіп алуға байланысты құқықтық салдар. «Пургация» мерзімін өткізіп алу.

57. Міндеттеменің тоқтатылуы: obligatio tollitur и obligatio extinguitur. Міндеттеменің тоқтатылу тәсілдері.

58. Цессия және бөтен біреудің қарызын қабылдау.

59. Міндеттемені қамтамасыз ету: кепілпұл, кепіл, кепілболушылық, тұрақсыздық төлемі

60. Кінә, түсінігі. Кінә дәрежесі. Уақиға және дүлей күш.

61. Міндеттемені орындамағаны үшін борышқордың жауапкершілігі.

62. Залалды өтеу. Залал түрлері. Өтеу көлемі.

63. Деликтілер, түсінігі, түрлері. Жеке деликтілер, түрлік сипаттамасы. Жария деликтілер.

64. Квази-деликт, түсінігі, түрлері.

65. Шарт, контракт, келісім.

66. Шартты талқылау.

67. Алдау, күш көрсету, қорқыту, қателесу.

68. Шарт талаптары мен мерзімдері

69. Шарттарды топтастыру

70. Қарыз, ссуда, сақтау.

71. Сатып алу-сату, жалдау, мердігерлік, серіктестік, тапсырма шарттары.

72. Атаусыз контрактілер, формальды емес келісімдер. (pacta vestita, pacta adiecta, pacta ptaetoria, pacta legitima).

73. Квази-контрактілер

### Рим жеке құқығы бойынша терминология

1. *A verbis legis non est recedendum* – заңның сөзінен кері шегіну-ге болмайды
2. *Ab agendo* – құқықтан айырылған, құқыққа білетті емес
3. *Accessio cedit rei principali* – керек-жарақ негізгі затпен бірге жүруі тиіс
4. *Actori incumbit onus probandi* – дәлелдеу ауырпалығы талапкерде болуы тиіс
5. *Adoptio naturam imi tatur* – бала асырап алудың табиғимен теңестірілуі (ер адам асырап алады және жас айырамышылығы-18 жас болуы тиіс)
6. *Aestimatio periculum fasit eius qui suscepit* – сатуға затты қабылдап алған тұлға оқиға үшін де жауап береді
7. *Applicatio est vita regulae* – қолдану өмірдің ережесі болып табылады (ереже қолдану үшін пайда болады)
8. *Bis de eadem re ne sit action* – бір іс бойынша екі рет талап қойылмайды
9. *Casus a nullo praestatur* – оқиға үшін ешкім де жауап бермейді
10. *Consensus fasit ius* – келісім құқықты тудырады
11. *Diminium non potest ese in pendenti* – меншік иесінің құқығы тоқта тұрылуы мүмкін емес
12. *Ex mala causa non oritur action* – заңсыз мәміледен талап ету құқығы пайда болмайды
13. *Ex iure quod est regula fiat* – өмірде әрекет ететін құқықтан заңдылық қағидасы пайда болады
14. *Furiosus ad sentis loco est* – ақылсыз хабар-ошарсызға теңестіріледі
15. *Glossa viperino est quae corrodit viscera textus* – жоққа шығаратын талқылау мәтіннің мазмұнын бұзады
16. *Genus perire non censetur* – топтық тоқтатылмайды (топтық затты жоғалтқан борышқор үшін)
17. *Hereditas adimi non posse* – қабылданған мұрагерлікті мұрагерден алып алуға болмайды
18. *Idnorantia legis neminem exusat* – заңды білмеу кешіруге жатпайды
19. *Impossilium null obligatio est* – мүмкін еместі орындау міндеті болмайды

20. *Jus publicum privatorum pactis mutari non potest* – жария құқық қалыптарын жеке келісім арқылы өзгертуге болмайды

21. *Legem brevem esse oportet* – заң қысқа болуы керек

22. *Nemo plus iuris ad alium transferre potest quam ipse haberet* – ешкім де өзінде бар құқықтан артық құқықты басқа біреуге бере алмайды

23. *Non obligat lex nisi promulgata* – заң жарияланбаса міндеттей алмайды

24. *Non solius damni puto et lucri habendum rationem* – тек зиян емес, пайда да ескерілуі керек

25. *Nulla emptio sine pretio esse potest* – бағасыз сатылуы мүмкін емес

26. *Nullus videtur dolo facere qui iure suo utitur* – егер де өзіне тиесілі құқықты қолданса, ешкім де қасақана жасаған болып саналмайды

27. *Nisi fiat restitutio segultur condemnatio quanti ea res est* – бастапқы қалпына келтіру болмаса, залалдың орнын толтыру орын алады

28. *Prior tempore potior iure* – кім уақыттан бұрынырақ болса, сол құқықта басымырақ болады

29. *Res transit cum suo onere* – меншік өзінде бар ауыртпалықпен бірге көшеді

30. *Servitus servitutis esse non potest* – сервитутқа сервитут болуы мүмкін емес

31. *Scire leges non hoc est verba earum tenere sed vim ac potestatem* – заңды білу оның сөздерін сақтау емес, күші мен мағнасын білу

32. *Si omnia quae oportuit observavit caret culpa* – талап етілгеннің бәрі сақталса, кінә жоқ

## ***Көмек құралы ретінде сұраққа жауап***

### **Жария құқықтың түсінігі мен ерекшелігі неде?**

Жария құқық биліктік қатынастарды реттеді және тараптарға міндетті қалып(норма) мазмұнын құрады. Осыған байланысты жария құқық ережелері жек тұлғалардың келісімдері арқылы өзгертілуге жатпайтын.

### **Жеке құқық қандай қатынастарды реттеді?**

Жеке құқық мүліктік қатынастарды реттеді және тараптардың теңдігіне негізделді. Жеке құқық ережелері міндеттемеге қатысушылармен өзгертілуге болатын. Жеке құқық нормалары жеке тұлғалардың мәдесін қорғады.

### **Рим жеке құқық оқытудың маңызы неде?**

Рим жеке құқық өңделген қалып жүйесінен тұрды және барлық мүліктік қатынастардың түрлерін реттеді. Рим жеке құқық тек ғылыми шеңберде ғана емес, оқу процессінде оқытылудың сарапталған пәні ретінде танылды. Рим жеке құқығының оқытылуы азаматтық құқық танып білудің сара жолы болып табылады.

### **Рим жеке құқығының негізгі институттары қандай?**

Рим жеке құқығының негізгі институттарына мыналар жатқызылады:

- Ерте Римдегі тұлғалардың құқықтық мәртебесі;
- Римдегі неке және отбасы;
- Заттық құқықтар;
- Міндеттеме құқы;
- Мұрагерлік құқы.

### **Рим жеке құқығының жүйесі дегеніміз не және қандай түрлері бар:**

Рим жеке құқығының жүйесі дегеніміз-жеке рим құқығының қалыптарын (нормаларын) топтастыратын анықталған тәртібі. Рим жеке құқығының теориясында екі құқықтық қалып жүйесі бар. Атап айтқанда: пандектілік және институциндік.

### **Пандектілік жүйенің негізгі институттары қандай?**

Пандектілік жүйе институттарына:

- заттық;

- міндеттеме құқы;
- отбасы құқы;
- мұрагерлік құқық жатады.

### **Рим жеке құқының даму сатылары қандай?**

Рим жеке құқының дамуының бірінші сатысы, классикалық дәуірге дейін, бұл ерте уақыттын басталып б.э. 1 ғасырында аяталады. Бұл сатыда рим құқы патриархалдық қоғамдық қатынастарды реттеуге қызмет етті.

Екінші саты классикалық дәуір, бұл б.э. 1 ғасырынан басталып б.э. -3 ғасырының аяғына дейін жалғасын тапты. Бұл сатыда рим құқығы ең жоғарғы даму нәтижесіне жетті және тауар-ақша қатынастарын реттеді.

Үшінші саты, абсолюттік монархия. Бұл б.э. 3 ғасырының аяғынан б.э. 6 ғасырының аяғына дейін жалғасты. Бұл сатыда негізінен рим жеке құқының қалыптарын жүйелеу және кодификациялау орын алды.

### **Рим жеке құқының қайнар көзі дегеніміз не және қандай түрлері бар?**

Рим жеке құқының қайнар көзі дегеніміз – Рим жеке құқының қалыптарын бекіту және сипттау тәсілі. Рим жеке құқының қайнар көздеріне мыналар жатады: әдет-ғұрып құқы, заң, магистрат эдиктісі, Рим юристерінің қызметі. Рим жеке құқының субъектілерінің шеңберіне таралуына байланысты, цивильдік құқтың қайнар көздері және преторлық құқтық қайнар көздері деп бөлінеді.

### **Цивильдік құқ пен преторлық құқтың айырмашылығы неде?**

Цивильдік құқ тек рим азаматтарына қатысты қолданылды. Бірақ басқа мемлекеттердің территориясын жаулап алу нәтижесінде және басқа мемлекет азаматтарымен іскерлік байланыстарды реттеу үшін арнайы актілер қажеттігі туды. Бұл арнайы актілерді Римдегі лауазымды тұлға-преторлар жүзеге асырды. Бұл актіде римдіктер мен бөтен елдің азаматтары арасындағы қатынастарға қолданылатын ережелер көрсетілді. Мұндай ережелердің жиынтығы преторлық құқты қалыптастырды. 3-ғасырдың аяғында цивильдік құқ пен преторлық құқ арасында айырмашылық жойылды.

**Әдет-ғұрып дегеніміз не және оның рим құқында алатын орны қандай?**

Әдет-ғұрып дегеніміз-бірнеше рет қолдану нәтижесінде пайда болған және мемлекетпен санкцияландырылған мінез-құлықтың жазылмаған ережелері. Әдет-ғұрып жрецтер, магистраттар тәжірибесінде қалыптасты.

Әдет-ғұрып нормалары екі түрге бөлінді. Атап айтқанда *mores maiorum* және *usus* (әдеттегі тәжірибе және ата-баба әдет-ғұрыптары).

**Заңның рим құқының қайнар көзі ретінде көрініс табуы қалай анықталады?**

Республика дәуірінде барлық заңдар тек халық жиналысында қабылданды және *leges* деп аталды. Заңдарды қабылдау үшін міндетті түрде үш органның қатысуы міндетті болды. Олар халық жиналысы, магистрат және сенат. Принципат дәуірінде халық жиналысы өзінің мәнін жоғалтты және заңдар сенатпен ғана шығарыла бастады да сенатусконсульттар деп аталды. Император билігін нақты бекіткен және абсолюттік монархияның келуі тек императордың жеке өкімін ғана заң деп саналуына әкелді (яғни конституциялар). Император өкімінің төрт түрі бар. Олар: эдикт-жалпы халыққа арналған, рескрипт-жеке-леген істер бойынша император өкімі, мандаттар-чиновниктерге берілетін нұсқаулар, декреттер-даулы істер бойынша император шешімдері.

**Магистр эдиктісінің мәні неде?**

Магистр эдиктісі-республикалық магистрдің қызметке тұрар алдында шығарған арнайы актісі (бағдарлама). Ерекше мәнге ие болған эдикті, бұл претор эдиктісі болды. Эдиктіде магистр өздерінің қызметінің мерзімінде жасайтын қызмет түрлерін көрсетті және қандай жағдайда талап қойылады және қойылмайды, басқа мемлекеттермен арақатынас т.б. ережелерді көрсетті. Б.э.2 ғасырынан бастап шығарылған эдикт өзгертілмеді және толықтырылмады.

**Рим юристерінің қызметі дегеніміз не және қандай түрлері болды?**

Ерте кезде юристер деп жрецтер саналды. Рим юристерінің қызметі үш бағытта болды. Ол кеңес беру-*respondere*, жазбаша құжаттарды рәсімдеу және құрастыру - *cauere*, тараптардың әрекеттеріне процес-

суальдық басшылық жасау-агеге деп аталды. Рим юристерінің құқ творчествосы ресми түрде танылды және рим жеке құқының қайнар көзі ретінде танылды. Юристердің еңбектері \*Дигест\* түрінде шықты және заңға претор эдиктісіне түсіндірме нысанында шығарылды. Атақты юристер ретінде Павел, Гай, Ульпиан, Помпони танылды.

### **Рим жеке құқының қайнар көзі болып табылатын кодификацияның рим құқында алатын орны қандай?**

Римде пайда болған нормативтік актілердің әртүрлілігі мен көлемінің көптігі рим жеке құқын жүйелеуге әкеліп соқтырды. Ең алғаш ресми кодификация б.э. 5 ғасырында император Феодосии тұсында болды. - Мұның нәтижесінде 16 кітаптан тұратын Феодосии кодексі жарыққа шықты. Б.э. 6 ғасырында император Юстинианның кезінде жаңадан кодификация жүргізілді. Нәтижесінде төрт бөлімнен тұратын Юстиниан Жинағы жарыққа шықты. Бұл жинақтық бөлімдері Кодекс, Новелла, Дигеста, Институтция деп аталды. Кодексте император конституциялары орын алды. Новеллада да император конституциялары болды. Ал, Дигестада 39 рим юристерінің шығармаларының жиынтығы болды. Институтция рим жеке құқының оқулықтарынан тұрды.

### **Рецепция дегеніміз не?**

